

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтер көрсетуді сатып алуға қатысу үшін құжаттар нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2017 жылғы 18 қаңтардағы № 20 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 24 қаңтарда № 14715 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ -113 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 12.11.2021 № ҚР ДСМ -113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының 36, 53, 62, 65, 95, 104, 107, 112, 131, 139, 189, 191, 268, 279, 313, 323, 393, 426, 439, 468-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес тендер өткізу тәсілімен тауарларды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды жүргізу туралы хабарландыру нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тендерге қатысуға өтінім нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушінің өтініміне қоса берілетін құжаттар тізімінің нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес уақыты өткен берешектің жоқтығы туралы анықтаманың нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес біліктілік туралы мәліметтердің нысаны

;

- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушінің бағасы кестесінің нысаны;
- 7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес банктік кепілдіктің нысаны;
- 8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес банктік кепілдіктің (тендер (өтінімін қамтамасыз ету түрі) нысаны;
- 9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес сатып алу туралы үлгі шарттың нысаны ;
- 10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған үлгі шарттың нысаны;
- 11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес Бірыңғай дистрибьютор мен Тапсырыс берушінің арасындағы дәрілік заттарды және/немесе медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алудың үлгі шартының нысаны;
- 12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушінің бағалық ұсынысының нысаны;
- 13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес жеткізу шартының нысаны;
- 14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес банктік кепілдіктің нысаны;
- 15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес ұзақ мерзімді жеткізу шарттарын жасасу конкурсына қатысуға өтінімнің нысаны;
- 16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісін құру және (немесе) жаңғырту бойынша инвестициялық жобаны іске асыру кезеңдері мен жарты жылдық кестесі туралы ақпарат тың нысаны;
- 17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші ұсынатын ақпараттың нысаны;
- 18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізудің шартын жасасу конкурсына қатысуға өтінімнің нысаны;
- 19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес медициналық техниканы жеткізудің ұзақ мерзімді үлгі шартының нысаны;
- 20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес медициналық техниканы берудің ұзақ мерзімді шартына қосымша үлгі келісімінің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде оның көшірмесін баспа және электрондық түрде мерзімді баспасөз басылымдарында және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау

банкiне орналастыру үшiн Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлiгiнiң " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргiзу құқығындағы республикалық мемлекеттiк кәсiпорнына жiберудi;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтiк даму министрлiгiнiң интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлiгiнде мемлекеттiк тiркегеннен кейiн күнтiзбелiк он күннiң iшiнде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген iс-шаралардың орындалуы туралы мәлiметтердi Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтiк даму министрлiгiнiң Заң қызметi департаментiне ұсынуды қамтамасыз етсiн.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтiк даму вице-министрi А. В. Цойға жүктелсiн.

4. Осы бұйрық мемлекеттiк тiркелген күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтiк даму министрi*

Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтiк даму министрiнiң
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
1-қосымша
Нысан

Тендер өткiзу тәсiлiмен тауарларды, фармацевтикалық қызметтердi сатып алуды жүргiзу туралы хабарландыру

(тапсырыс берушiнiң немесе сатып алуды ұйымдастырушының атауы мен мекенжайы)

мынадай тауарларды, фармацевтикалық қызметтердi тендер тәсiлiмен сатып алуды жүргiзу туралы хабарлайды:

1) сатып алынатын фармацевтикалық көрсетiлетiн қызметтердiң атаулары, сатып алынатын тауарлардың халықаралық патенттелмеген атаулары, сауда атаулары - пациенттiң жеке өзiне жақпаған жағдайда, сатып алу көлемi, жеткiзу орны, әрбiр лот бойынша сатып алу үшiн бөлiнген сомалар;

2) жеткiзу мерзiмдерi және шарттары;

3) тендерлiк құжаттаманы беру тәртiбi мен көзi;

4) құжаттарды ұсыну (қабылдау) орны және тендерлiк өтiнiмдердi берудiң соңғы мерзiмi;

5) тендерлiк өтiнiмдер салынған конверттердi ашу күнi, уақыты және орны.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және

(Кімге) _____

(тапсырыс берушінің, сатып алуды немесе
бірыңғай дистрибьютордың атауы)

(Кімнен) _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

Тендерге қатысуға өтінім

(кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар және заңды тұлғалар үшін)

— (тендердің/екі кезеңдік тендердің атауы)

Тендерді/хабарландыруды жүргізу бойынша тендерлік құжаттаманы және
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 қазандағы № 1729
қаулысымен

бекітілген Тегін медициналық көмектің және міндетті түрде әлеуметтік
медициналық

сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің кепілдік берілетін көлемін
көрсету

бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық,
диагностикалық,

дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен
медициналық

техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және
өткізу ережесін

қарап, осы арқылы алуды куәландыратын (тендерлік құжаттама алынған
жағдайда белгіленеді)

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

мына лоттар бойынша тендерлік құжаттамаға (хабарландыру шарттарына)
сәйкес тауарларды,

фармацевтикалық қызметтерді беруді жүзеге асыруды ұсынады:

(тауарларды және фармацевтикалық қызметтерді егжей-тегжейлі сипаттау)

Осы тендерлік өтінім мыналарды қамтиды:

1. _____
2. _____
3. _____

Осы тендерлік өтінім тендерлік өтінім салынған конверттерді ашқан күннен бастап

_____ күннің ішінде жарамды.

(толық жазу)

Қолы, күні лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты

(бар болса)

Мөрі

(бар болса)

_____ (әлеуетті өнім берушінің атауы) атынан және тапсырмасы бойынша тендерлік өтінімге қол қоюға барлық өкілеттілігі бар.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
3-қосымша
Нысан

Әлеуетті өнім берушінің өтініміне қоса берілетін құжаттардың тізімі

№ №	Құжаттың атауы	Күні және нөмірі	Қысқаша мазмұны	Құжатқа кім қол қойды	Түпнұсқа, Көшірме, Нотариалды куәландырылған көшірме	Парак
--------	-------------------	---------------------	--------------------	--------------------------	---	-------

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
4-қосымша
Нысан

Уақыты өткен берешектің жоқтығы туралы анықтама

Банк/банк филиалы (атауы) _____ жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есепшоттардың үлгі жоспарына сәйкес осы банкте/банк филиалында қызмет көрсетілетін (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның толық атауы, телефоны, мекенжайы, БСН/ЖСН*, БСК** және т.б. көрсету керек) банк алдында

конверттердің ашудың алдыңғы күнінде бір айдан бұрын емес берілген үш айдан артық созылған оның міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің жоқ екендігін растайды.

Күні

Қолы

Мөрі

(бар болса)

* БСН/ЖСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі;

**БСК - банктік сәйкестендіру коды.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
5-қосымша
Нысан

Біліктілік туралы мәліметтер

(дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметті сатып алу кезінде әлеуетті өнім беруші толтырады)

Сатып алудың атауы _____

1. Әлеуетті өнім беруші туралы жалпы мәліметтер:

Атауы _____

БСН/СТН/СТЖН/ТЕУ _____

2. Тендерде/екі кезеңдік тендерде сатып алынатын әлеуетті өнім беруші жеткізген (өндірген) ұқсас (үйлес) тауарлар көлемі* (болған жағдайда толтырылады)

Тауардың атауы	Тапсырыс берушінің атауы	Тауарды жеткізу орны	Тауарды жеткізу күні
----------------	--------------------------	----------------------	----------------------

* Біліктілік туралы барлық мәліметтердің анықтығын растаймын

Қолы, күні лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөрі

(бар болса)

* БСН/ЖСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі;

**СТТН - салық төлеушінің тіркеу нөмірі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
6-қосымша
Нысан

Әлеуетті өнім берушінің бағасының кестесі
(әлеуетті өнім берушінің атауы, әрбір лотқа жеке толтырылады)

№	Мазмұны	Тауарлардың атауы
1	2	3
1.	Қысқаша сипаты	
2.	Шығарған ел	
3.	Жасаушы зауыт	
4.	Өлшем бірлігі	
5.	Баға _____ бірлікке _____ ИНКОТЕРМС 2010 шарттары бойынша _____ (белгіленген пункті)	
6.	Саны (көлемі)	
7.	Барлық бағасы = 6.5 x 6.6,	
8.	Жалпы бағасы, _____ ИНКОТЕРМС 2010 шарттары бойынша _____ (белгіленген пункті, DDP) әлеуетті өнім берушінің тасымалдауға арналған, кеден бажын, ҚҚС және басқа төлемдер мен алымдарды, жинақтаушы бөлшектер мен міндетті қосалқы бөлшектер бағасын, бір өлшем бірлігіне пайдаланудың бастапқы мерзімі ішінде қызмет көрсетуге арналған барлық шығыстарды қоса алғанда, басқа да шығыстар. Әлеуетті өнім беруші басқа да шығыстарды көрсетуге құқылы, оның ішінде 8.1. 8.2.	
9.	Жеңілдіктер берілген жағдайда оларды ұсыну мөлшері 9.1. 9.2.	

Қолы, күні лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөрі

(бар болса)

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
7-қосымша
Нысан

Банктік кепілдік

Банктің атауы _____

—
(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге _____

— (сатып алуды ұйымдастырушының атауы мен деректемелері)

№ _____ кепілдік міндеттеме

_____ жылғы " ____ " _____

(орналасқан жері)

Біз бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын

_____ (әлеуетті өнім берушінің атауы)

_____ ұйымдастырған

(тапсырыс берушінің, сатып алуды

_____ сатып алу жөніндегі тендерге қатысатындығынан

және ұйымдастырушының атауы)

жалпы сомасы _____ теңгеге

— (жазбаша түрде)

— (тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің атауы мен көлемі)

беруді (жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді) жүзеге асыруға дайындығынан хабардармыз.

_____ жылғы " ____ " _____ жоғарыда аталған сатып алуды өткізу жөніндегі тендерлік құжаттамада әлеуетті өнім берушілердің банктік кепілдік түрінде

тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді енгізуі көзделген.

Осыған байланысты біз _____ осымен өзімізге Сіздің талап етуіңіз

(банктің атауы)

бойынша, сондай-ақ Өнім беруші:

тендерлік өтінімдерді қабылдаудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін тендерлік

өтінімді кері қайтарып алғандығын немесе өзгерткендігін;

2) жеңімпаз тендердің жеңімпазы болып танылғаннан кейін шартқа тұрудан бұлттарды;

3) жеңімпаз өнім беруші сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтерді

көрсетуге шартты кепілдікті қамтамасыз етуін төлемеді немесе мезгілсіз төледі деген Сіздің ақы төлеуге жазбаша растауыңызды алғаннан кейін Сізге сіздің талабыңыз бойынша

_____ соманы төлеуге өзімізге кері (сомасы санмен және жазбаша) қайтарылмайтын міндеттеме аламыз. Осы кепілдік тендер өтінімі бар конверттерді ашу күнінен бастап күшіне енеді. Осы кепілдік Өнім берушінің тендерге қатысуға тендер өтінімінің соңғы мерзіміне дейін қолданылады. Егер тендер өтінімінің қолданылу мерзімі ұзартылса, онда осы кепілдік міндеттеме осындай мерзімге ұзартылады. Кепілдік берушілердің қолы мен мөрі Күні және мекенжайы (бар болса)

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
8-қосымша
Нысан

**Банктік кепілдік
(тендер өтінімін қамтамасыз ету түрі)**

Банктің атауы _____

(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге _____

(бірыңғай дистрибьютордың атауы мен деректемелері)

№ _____ кепілдік міндеттеме

_____ ж. " ____ " _____

(орналасқан жері)

Бізге ақпарат берілді, _____

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

Бұдан әрі "Өнім беруші", сатып алу бойынша екі кезеңді тендерге қатысады

(бірыңғай дистрибьютордың атауы)

— _____

— _____

— _____

жалпы сомасы _____

теңгеге

(жазумен)

(тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің атауы мен көлемі)

сатып алу бойынша екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, тендерге қатысатыны

туралы хабарлайды.

Екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын тендер тәсілімен сатып алу шарттарына сәйкес банктік кепілдеме түрінде тендер өтінімін кепілдікті қамтамасыз етуді әлеуетті

өнім берушілердің енгізуі көзделген.

Осыған байланысты _____

(банктің атауы)

Біз Сіздің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729

қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету

бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық,

дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық

техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу Ережесінің

204-тармағында көзделген негіздер бойынша Сіздің ақы төлеуге жазбаша талабыңызды, сондай-ақ

Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше

орындамағаны туралы жазбаша растауыңызды алғаннан кейін Сізге сіздің талабыңыз

бойынша _____ соманы төлеуге (сомасы санмен және жазбаша) өзімізге кері қайтарылмайтын міндеттеме аламыз.

Осы кепілдік тендер өтінімі бар конверттерді ашу күнінен бастап күшіне енеді.

Осы кепілдік Өнім берушінің екі кезеңді рәсімдер пайдаланылатын тендерге қатысуға

тендер өтінімінің соңғы мерзіміне дейін қолданылады Егер тендер өтінімінің қолданылу мерзімі

ұзартылса, онда осы кепілдік міндеттеме осындай мерзімге ұзартылады.

Кепілдік берушілердің қолы мен мөрі Күні және мекенжайы

(бар болса)

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
9-қосымша
Нысан

Сатып алудың үлгі шарты

_____ жылғы " _____ "

(орналасқан жері)

Бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын

—
(тапсырыс берушінің толық атауы)
атынан,

_____,
(уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

бір тараптан және бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын,

—
(өнім беруші – тендер жеңімпазының толық атауы)

атынан _____ негізінде әрекет ететін

(Жарғы, Ереже және т.с.с.)

(уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

екінші тараптан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесі және _____ жылғы "_____" _____ өткен (затты сатып алу) сатып алу _____ (тәсіл көрсетілсін) тәсілмен сатып алу қорытындысы туралы №_____ хаттамасының негізінде тауарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі келісімге келді:

1. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес тауарды осы Шарттың қосымшаларында анықталған санда және сапада беруді, ал Тапсырыс беруші оны қабылдауды және Шарттың талаптарына сәйкес төлеуді міндетіне алады.

2. Тауарлардың жалпы құны (ММ үшін бюджеттік бағдарламаға/ерекшелігіне сәйкес тауарлардың атауы көрсетілсін) (сома цифрлармен және жазумен көрсетілсін) (бұдан әрі - шарттың жалпы сомасы).

3. Осы Шарттар төменде санамаланған ұғымдарға мынадай түсінік беріледі:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған, жазбаша нысанда тіркелген, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шарттар сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

2) Шарттың бағасы Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төленуге тиіс соманы білдіреді;

3) тауарлар - Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарт шеңберінде беруі тиіс тауарлар және ілеспе көрсетілетін қызметтер;

4) ілеспе көрсетілетін қызметтер - тауарларды беруді қамтамасыз ететін қызметтерді, мәселен, тасымалдау және сақтандыру және мәселен, монтаждау, іске қосу, техникалық жәрдем көрсету, оқыту қамтылатын кез келген басқа да көмекші қызметтер және Өнім берушінің осы Шарттар көзделген басқа да осыған ұқсас міндеттерін білдіреді;

5) Тапсырыс беруші - акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ олармен аффилирленген заңды тұлғалар;

6) Өнім беруші – жасасқан шарттарда Тапсырыс берушінің контрагенті ретінде әрекет ететін және шарттың талаптарында көрсетілген тауарларды сатып алу мен жеткізуді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлға.

4. Төменде санамаланған құжаттар және оларда баяндалған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) сатып алынатын тауарлардың тізбесі;

3) техникалық ерекшелігі;

4) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету (бұл тармақша егер тендерлік құжаттамада көрсетілсе, Шартты орындауды қамтамасыз ету).

5. Төлем нысаны _____
(қолма-қол есептесулер үшін ақша аударулар, аккредиттер және т.б.)

6. Төлем мерзімі _____

—
(мысалы: % белгіленген пунктте тауарды қабылдау немесе алдын ала төлеу және т.б.)

7. Алдағы төлемде қажетті құжаттар:

1) шарттың көшірмесі немесе өнім беруші ұсынатын және оның өндіруші, ресми дистрибьютор не ресми өндіруші өкілдің мәртебесін растайтын басқа да құжаттар;

2) _____
(шот-фактура немесе қабылдау-тапсыру акті немесе т.б.)

8. Осы Шарт шеңберінде берілетін тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуге немесе олардан жоғары болуға тиіс.

9. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да болмасын адамға Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Өнім беруші

тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа адам берген техникалық құжаттаманы, жоспарларды, сызбаларды, модельдерді, үлгілерді немесе ақпаратты ашпауға тиіс. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

10. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да болмасын жоғарыда санамаланған құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа, пайдаланбауға тиіс.

11. Өнім беруші Тендерлік құжаттамаға 1-қосымшада көрсетілген белгіленген соңғы пунктке тасымалдау уақытына олардың бұзылуын немесе бүлінуін болдырмауы, тауардың қаптамасын қамтамасыз етуі тиіс. Қаптама қандай да болмасын шектеулерсіз қарқынды көтергіш-көлік өңдеуіне және тасымалдау кезіндегі өзгермелі температураның, тұз бен жауын-шашынның, сондай-ақ ашық сақтаудың әсеріне төзуге тиіс. Оралған жәшіктердің габаритін және олардың салмағын анықтау кезінде жеткізу пунктінің алыстығы және тауарларды алып жүрудің барлық пункттерінде қуатты жүк көтергіш құралдардың болуы ескерілуі қажет.

12. Жәшіктерді орау мен таңбалау, сондай-ақ ішінен және сыртынан құжаттамалау Тапсырыс беруші белгілеген арнайы талаптарға қатаң сәйкес келуге тиіс.

13. Тауарларды беруді Өнім беруші сатып алынатын тауарлардың тізбесінде айтылған Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

14. Өнім беруші Тендерлік құжаттамаға 1-қосымшада көрсетілген белгіленген пунктке дейін тауарды беруі тиіс. Осы тауарларды белгіленген пунктке дейін тасымалдау жүзеге асырылады және Өнім беруші төлейді, ал осымен байланысты шығыстар шарттың бағасына енеді.

15. Осы Шарттың шеңберінде Өнім беруші тендерлік құжаттамада көрсетілген қызметтерді ұсынуы тиіс.

16. Ілеспе қызметтерге арналған бағалар Шарттың бағасына енгізілуі тиіс.

17. Тапсырыс беруші Өнім берушіден Өнім беруші дайындайтын немесе сататын қосалқы бөлшектер туралы ақпаратты ұсынуды, атап айтқанда Тапсырыс беруші Өнім берушіден сатып алу үшін таңдап алатын және кепілдік берілген мерзімнен кейін оларды пайдаланатын қосалқы бөлшектердің құнын және номенклатурасын талап етуі мүмкін.

18. Өнім беруші оларға қосалқы бөлшектерді шығаруды тоқтатқан жағдайда:

а) Тапсырыс берушіні оған қажетті санда қажетті сатып алуды жүргізуіне мүмкіндік беру үшін өндірістің алдағы уақыттағы тоқтауы туралы алдын ала хабарлауға;

б) қажет болған жағдайда өндіріс тоқтағаннан кейін артынша Тапсырыс берушіге қосалқы бөліктерге жоспарларды, сызбалар мен техникалық құжаттаманы тегін беруге тиіс.

19. Өнім беруші Шарт шеңберінде берілген Тауарлар, егер Шартта өзгеше көзделмесе, жаңа, пайдаланылмаған, конструкциялар мен материалдардың барлық соңғы түрленулері көрсетілген жаңа не сериялық модель болып табылатындығына кепілдік береді. Өнім беруші, бұдан әрі, осы Шарт бойынша берілген Тауарлар Тапсырыс берушінің елі үшін әдетте қолайлы жағдайларда берілген Тауарларды қалыпты пайдаланған кезде конструкцияларына, материалдары мен жұмысына байланысты ақаулары болмайтындығына бұдан әрі кепілдік береді. Тапсырыс беруші берген техникалық ерекшелікке қатаң сәйкестікте Өнім беруші Тапсырыс берушінің оның (Тапсырыс берушінің) техникалық ерекшелігінде жіберген қателігі үшін жауап бермейді.

20. Бұл кепілдік Тауарлардың бүкіл партиясын немесе оның бөлігін нақтылы жағдайға және оларды Шарттар көрсетілген тағайындалған нақты пунктіне қабылдағанға орай _____ ішінде жарамды.

(кепілдіктің талап етілетін мерзімі көрсетілсін)

21. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы кепілдікке байланысты барлық талап қоюлар туралы жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті.

22. Тауардың істен шыққаны туралы хабарлама алғаннан кейін әлеуетті өнім беруші хабарлама алған сәттен бастап 72 (жетпіс екі) сағаттан аспайтын мерзімде болжамды жөндеу жұмыстарының себептерін, мерзімдерін айқындау үшін білікті мамандарды жергілікті жерге жіберуді қамтамасыз етеді. Өнім беруші дайындаушы-зауыт өндірген қосалқы бөлшектерді және тораптарды пайдалана отырып жөндеу жұмысын немесе бір ай ішінде Тапсырыс берушінің тарапынан қандай да бір шығыстарсыз ақауы бар тауарды немесе оның бөлшектерін ауыстыруды жүргізуге тиіс.

23. Егер Өнім беруші хабарлама алып, Тапсырыс беруші талап еткен мерзімде ақауды(ларды) жөндемесе, Тапсырыс беруші Өнім беруші есебінен және Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты Шарт бойынша иеленуі мүмкін басқа да құқықтарға қандай да болмасын залалсыз ақауларды жөндеу жөніндегі қажетті санкциялар мен шараларды қолдана алады.

24. Өнім берушіге берілген тауарларға ақы төлеу осы Шарттың 5 және 6-тармақтарында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізілетін болады.

25. Тапсырыс беруші Шартта көрсеткен баға Тапсырыс берушінің тендерлік өтінімінде ол көрсеткен бағаға сәйкес келуге тиіс.

26. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, Шарттың құжаттарына ешқандай ауытқуларға немесе өзгерістерге (сызбалар, жобалар

немесе техникалық ерекшеліктер, тиеу, орау әдістері, жеткізу орны немесе Өнім беруші көрсететін қызметтер және т.б.) жол берілмейді.

27. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша тауарлардың кез келген бөлігін беру үшін қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Шарттың бағасы немесе беру кестесі немесе сол немесе өзгелері тиісті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Осы бап шеңберінде Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сауалдарды Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күнінен бастап 30 (отыз) күннің ішінде көрсетілуге тиіс.

28. Өнім беруші қандай да болмасын біреуге осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз не толық не ішінара бермеуге тиіс.

29. Тауарларды беруді және қызметтерді көрсетуді Өнім беруші бағалар кестесінде көрсетілген кестеге сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

30. Өнім беруші тарапынан өнім беруді орындауды кешіктіру шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап қалуға және тұрақсыздық айыппұлын төлеуге әкеп соқтырады.

31. Егер Шартты орындау кезеңінде Өнім беруші кез келген сәтте тауарларды уақтылы беруге және қызметтерді көрсетуге кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тез арада кешігу фактісі, оның шамамен ұзақтығы және себебі(тері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Өнім берушіден хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші жағдайды бағалауға тиіс және өзінің қалауы бойынша Өнім берушінің Шартты орындау мерзімін ұзарта алады: бұл жағдайда мұндай ұзартуды тараптар шарттың мәтініне түзетулер енгізу жолымен ратификациялануы тиіс.

32. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, егер Өнім беруші тауарларды Шартта көзделген мерзімде бере алмайтын болса, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына зиян келтірместен, Шарт шеңберінде мерзімдерді бұза отырып, тауарды толық бермеген немесе бермеген сомадан 0,1% мөлшерінде Шарттың бағасынан тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.

33. Өнім беруші, егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажор жағдайларының нәтижесі болса, өзінің Шартты орындауды қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарттың талаптарын орындамауына орай тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапкершілік жүктемейді.

34. Осы Шарттың мақсаты үшін "форс-мажор" Өнім берушінің есебіне және салғырттығына байланысты емес және күтпеген сипаттағы Өнім беруші тарапынан бақылауға бағынбайтын оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар әскери

іс-қимылдар, табиғи немесе зілзала апаттары, індет, карантин мен тауарларды беруге эмбарго сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

35. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы тез арада жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды ол орынды болғанынша жалғастырады және форс-мажор жағдайларына байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін жүргізеді.

36. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты бұза алады. Бұл жағдайда бұзу тез арада жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші, егер Шартты бұзу іс-қимылдар жасауға немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын санкцияларды қолдануға залал әкелмесе немесе қандай да болмасын құқықтарды қозғамаса Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

37. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оның бұдан әрі орындалуының орынсыздығына орай кез келген уақытта Шартты бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттың бұзылуы күшіне енген күн айтылуға тиіс.

38. Шарт жойылған кезде, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін жұмсауға тиіс.

39. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күннің ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

40. Шарт мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалады. Егер екінші тарап шетел ұйымы болса, онда екінші дана Қазақстан Республикасының Тілдер туралы заңнамасына сәйкес тілге аударылуы мүмкін. Шартты төрелікте қарау қажет болған жағдайда, Шарттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі данасы қаралады. Шартқа қатысты барлық хат алмасу немесе тараптар алмасатын басқа құжаттама осы талаптарға сәйкес келуге тиіс.

41. Шартқа сәйкес тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама кейіннен түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.

42. Хабарлама берілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді, ол бұл күндердің қайсысы кейінірек болатындығына байланысты.

43. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

44. Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді тендерлік құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда енгізуге міндетті.

45. Осы Шарт оны Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық аумақтық органында тіркелген күнінен бастап (мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін) және Өнім беруші Шартты қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

46. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Аумақтық қазынашылық органда тіркелген күні (мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер үшін): _____

—

Осы тауарларды сатып алу туралы үлгілі шарт Тапсырыс берушінің дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы сатып алуды жүзеге асыруы үдерісінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді. Осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамасына, Өнім берушінің тендерлік өтініміне және тендердің қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
10-қосымша
Нысан

Фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған үлгі шарт

_____ ж. " _____ "

(Орналасқан жері)

Бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын

—

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің денсаулық сақтау толық атауы)
атынан, "Халық денсаулығы және жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы
Кодексінің,
" _____ " _____ жылы өткізілген фармацевтикалық қызметтерді сатып алу
қорытындылары, әкімдіктің қаулысымен бекітілген департамент (басқарма)
туралы

Ереженің негізінде әрекет ететін

— (уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)
бір тараптан және бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын,

атынан _____

(уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)
негізінде әрекет ететін _____

— (Жарғының, Ереженің және т.б.)

— (Өнім берушінің атауы меншік нысанына қарамастан)
екінші тараптан мына төмендегілер туралы, осы Шартты (бұдан әрі - Шарт)
жасасты:

1-тарау. Шарттың мәні

1. Өнім беруші Шартқа 1-қосымшада көрсетілген елді мекендерге
фармацевтикалық қызмет көрсетеді.

2. Тапсырыс беруші осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес тарифтер бойынша
Өнім берушінің шығындарының орнын толтырады.

2-тарау. Есептеу тәртібі

3. Шарттың сомасы _____ жылға _____ теңгені құрайды.

4. Тапсырыс беруші Өнім берушінің іс жүзінде көрсетілетін қызметтерінің
шығындарын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері мен
төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды)
қаржыландыру жоспарларында көзделген қаражат шегінде өтейді.

5. Қызметтерді өтеу ай сайын, орындалған жұмыс актілеріне сәйкес,
ұсынылған рецепттер тізілімін салыстыру негізінде жүргізіледі.

6. Өнім берушіге шарттың жалпы сомасынан 30%-ы мөлшерінде аванс беруге рұқсат етіледі.

7. Шарттың сомасы көрсетілген фармацевтикалық қызметтерді ескере отырып түзетілуі тиіс.

3-тарау. Тараптардың міндеттері мен құқықтары

8. Өнім беруші:

азаматтарға Тапсырыс беруші белгілеген тізбе бойынша елді мекендерде фармацевтикалық қызметтер көрсетуге;

азаматтарға ауру түрлерінің тізбесі және амбулаториялық емдеген кезде дәрілік заттар мен арнайы емдік тағамдар тегін және жеңілдікті шарттармен берілетін азаматтардың жекелеген санаттары туралы, сатылатын бағасы мен дәрілік заттардың құнын өтеу сомалары туралы көрнекі ақпарат беруге;

амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету бойынша деректер базасына деректер енгізуге;

Тапсырыс берушіге ай сайын осы Шартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік заттарды босату жүзеге асырылған рецепттер тізілімін қағаз түрінде және электрондық нұсқада беруге;

Тапсырыс берушіге осы Шарттың орындалуына тексеру жүргізу үшін қажетті барлық құжаттаманы беруге міндетті.

9. Тапсырыс беруші:

көрсетілген фармацевтикалық қызмет үшін Өнім берушінің шығындарын уақтылы өтеуге;

Өнім берушіні тегін және жеңілдікті шарттармен рецепттер беруді жүзеге асыратын дәрігерлер мен емдеу-профилактикалық ұйымдары туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету мәселелері жөнінде халықты ақпараттандыруға бағытталған қажетті ұйымдастыру іс-шараларын өткізуге міндеттенеді.

4-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

10. Өнім беруші:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халыққа фармацевтикалық қызмет көрсету бойынша жіберілген бұзушылық жағдайлары (Тапсырыс беруші белгілеген дәрілік заттармен қамтамасыз етуден бас тарту, сапасыз препараттарды босату) үшін;

дәрілік заттарды өткізуге рұқсаты (құқығы) жоқ объектілерден дәрілік заттардың өткізілгені үшін;

заңнамада белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушіден алынған қаражатты мақсатсыз пайдаланғаны үшін;

амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету бойынша деректер базасына енгізілетін деректердің дұрыстығы үшін;

Тапсырыс берушіге ай сайын дәрілік заттарды босату жүзеге асырылған рецепттер тізілімін беруге жауапты болады.

11. Тапсырыс беруші:

Өнім берушіні тегін және жеңілдікті шарттармен рецепттер беруді жүзеге асыратын дәрігерлер мен емдеу-профилактикалық ұйымдары туралы ақпаратпен қамтамсыз етуге;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылған рецепттер тізілімін салыстыру негізінде Өнім берушінің іс жүзінде көрсеткен медициналық көмектің көлемі үшін шығындарды өтеуге ақша қаражатын уақтылы аударуға;

амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету бойынша автоматтандырылған деректер базасын жүргізуге жауапты болады.

12. Өнім берушінің тарапынан фармацевтикалық қызмет көрсету жөніндегі Шарттың талаптарын бұзу мынадай санкцияларға әкелуі мүмкін: Шартты жоюға немесе орындалмаған не тиісінше орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,01%-ы мөлшерінде тұрақсыздықты төлеуге әкелуі мүмкін.

5-тарау. Шартты өзгерту және бұзу

13. Осы Шарттың талаптары тараптардың жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

14. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар Шартты тоқтатудың болжамданған күніне дейін кемінде 30 (отыз) күн бұрын бірін-бірі хабардар етуге міндетті.

15. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші міндеттемелерді орындамағаны туралы Өнім берушіге жазбаша хабарлама жолдай отырып, осы Шартты бір жақты тәртіппен бұза алады.

6-тарау. Форс-мажор

16. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге кідіртпей осы жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуі тиіс.

17. "Форс-мажор" жағдайларына Өнім беруші тарапынан бақылауға бағынбайтын, оның жаңсақтығына немесе салғырттығына байланысты емес және

күтпеген сипаттағы жағдайлар жатады. Мұндай оқиғаларға соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей зілзалалар, індет, карантин сияқты жағдайларды жатқызуға болады, бірақ іс-қимылдармен шектелмейді.

7-тарау. Қорытынды ережелер

18. Тараптардың ешқайсысының екінші тараптың жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін үшінші тарапқа беруге құқығы жоқ.

19. Осы Шарт бірдей заңды күші бар екі данада жасалған, бір дана Тапсырыс берушіде, екіншісі Өнім берушіде болады.

20. Осы Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің аумақтық органында тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы "___" _____ дейін қолданылады.

8-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері мен қолдары:

Фармацевтикалық
қызметтер
көрсетуге арналған шартқа
1-қосымша

Амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етуді жүзеге асыратын дәрілік заттарды бөлшек саудада сату объектілерінің тізбесі

Елді мекеннің атауы	Бөлшек саудада сату объектісінің атауы (дәріхана, дәріхана пункті, дәріхана дүңгіршегі, ауылдық ОДА, АУА, ФАП, ФП)	Мекенжайы
---------------------	---	-----------

Фармацевтикалық қызметтер
көрсетуге арналған шартқа
2-қосымша

_____ жылы амбулаториялық деңгейде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек шеңберінде халықты белгілі бір аурулармен (жай-күйімен) және арнайы емдік өнімдермен тегін қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесі

р/с №	Аурудың түрлері немесе азаматтардың жекелеген санаттары	Дәрілік заттардың атауы	Шығару дозасы мен нысаны	Сату бағасы, теңге	Құнын өтеу сомасы, теңге
-------	---	-------------------------	--------------------------	--------------------	--------------------------

_____ жылы амбулаториялық деңгейде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек шеңберінде халықты белгілі бір аурулармен(жай-күйімен) және арнайы емдік өнімдермен жеңілдікпен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесі

р/с №	Аурудың түрлері немесе азаматтардың жекелеген санаттары	Дәрілік заттардың атауы	Шығару дозасы мен нысаны	Сату бағасы, теңге	Құнын өтеу коэффициентін есепке алғандағы құнын өтеу сомасы, теңге
-------	---	-------------------------	--------------------------	--------------------	--

Фармацевтикалық қызметтер
көрсетуге арналған шартқа
3-қосымша

_____ өнім беруші бойынша
20__ жылғы _____ бастап 20_____ дейінгі кезеңдегі амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету бойынша рецепттердің жиынтық тізілімі

Рецепттердің №	Тегін және (немесе) жеңілдікті шарттармен рецепттер жазып берген медициналық ұйымның атауы	Дәрілік заттардың атауы	Шығару дозасы мен нысаны	Саны	Сату бағасы	Құнын өтеу сомасы
----------------	--	-------------------------	--------------------------	------	-------------	-------------------

Құрастырды:

Басшы 20_____ ж. "____" _____

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
11-қосымша
Нысан

Бірыңғай дистрибьютор мен Тапсырыс берушінің арасындағы дәрілік заттарды және/немесе медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алудың үлгі шарты

Астана қ. 20__ ж. "____" _____

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі _____
Бағдарлама _____
Кіші бағдарлама _____
Ерекшелік _____
(болған жағдайда толтырылады)

_____ негізінде әрекет ететін бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын бір тараптан _____ және бұдан әрі "Бірыңғай дистрибьютор" деп аталатын, _____ "СҚ-Фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғының негізінде әрекет ететін _____, Басқарма төрағасының атынан екінші тараптан бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталып, Тапсырыс беруші ұсынған 20__ жылғы _____ №__ өтінімге сәйкес Бірыңғай дистрибьютор мен Тапсырыс берушінің арасында төмендегідей дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1-тарау. Шартта қолданылатын терминдер

1. Осы Шартта төменде санамаланған ұғымдар төмендегіше түсіндіріледі:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Бірыңғай дистрибьютордың арасында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған, жазбаша нысанда тіркелген, Тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ Шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

2) Шарттың сомасы - Тапсырыс берушінің Шарттың шеңберінде Бірыңғай дистрибьюторға өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төлеуі тиіс сома;

3) тауарлар - Бірыңғай дистрибьютор Тапсырыс берушіге Шарт шеңберінде беруі тиіс дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар;

4) ауыспалы қалдық - Бірыңғай дистрибьютордың қоймасына өткен қаржы жылы(-дары) Өнім берушіден(-лерден) қабылданған дәрілік заттар және/немесе медициналық мақсаттағы бұйымдар;

5) тауардың ілеспе құжаттары - шот-фактура, қабылдау-тапсыру актісі, қорларды шетке беруге арналған жүкқұжат, сенімхат;

6) беру орны _____;

7) өкіл (уәкілетті өкіл) – Шарттың талаптарын іске асыру бойынша белгілі бір іс-қимыл жасауға заңнамамен белгіленген тәртіппен тараптар бөлген жеке және/немесе заңды тұлға.

2-тарау. Шарттың мәні

2. Бірыңғай дистрибьютор осы Шартқа қосымшаларға сәйкес тауарды беруге, ал Тапсырыс беруші оны қабылдауға және Осы Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге міндеттенеді.

3. Төменде санамаланған құжаттар және оларда келісілген талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) сатып алынатын тауарлардың ерекшеліктері (Шартқа 1-қосымша);

3) беру кестесі (Шартқа 2-қосымша).

4. Тараптар осы Шартта жасау және орындау үшін барлық өкілеттікке ие екендігін, үшінші тұлғаның талаптарымен шектелмейтінін және кейіннен үшінші тұлға тарапынан даулар туындаған жағдайда оларды өздігінен реттейтіндігін хабарлайды және кепілдік береді.

3-тарау. Тараптардың міндеттері

5. Бірыңғай дистрибьютор:

1) тауарды Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес санда және сапада және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын (Шартқа 1-қосымша) сатып алынатын тауарлардың ерекшеліктерінде көзделген баға бойынша беруге;

2) тауарды жеткізу кестесіне сәйкес беруге (Шартқа 2-қосымша);

3) тауардың ілеспе құжатына Қорытындының көшірмесін қоса бермей дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың әрбір атауы мен партиясының (сериясының) әрқайсысына тауардың қауіпсіздігі мен сапасы туралы қорытындының нөмірі мен қолдану мерзімін көрсетуге;

4) ерекшелікке сәйкес тауарға ілеспе құжаттарда әрбір атауға сериясын/партиясын, жарамдылық мерзімін көрсетуге міндетті (Шартқа 1-қосымша).

6. Бірыңғай дистрибьютор Тапсырыс берушінің жазбаша өтініші бойынша тауарды шұғыл беруді жүзеге асыруға құқылы.

7. Тапсырыс беруші:

1) Шартқа сәйкес берілген тауарды қабылдауға;

2) Шарттың талаптарына сәйкес тауарды төлеуге;

3) Бірыңғай дистрибьюторға Тапсырыс берушіге оны бергеннен кейін 24 сағаттан кешіктірмей алынған тауарға қойылатын барлық шағымдар туралы жазбаша түрде шұғыл хабарлауға міндетті.

4-тарау. Шарттың сомасы және төлемі

8. Шарттың сомасы (_____) теңгені құрайды.

9. Осы Шарт бойынша тауардың төлемі мынадай жолмен жүргізіледі:

1) Шарт күшіне енген күннен бастап 10 (он) банктік күннің ішінде Шарт сомасының 50 (елу) пайыз мөлшерінде алдын ала төлем жүргізеді, өзге ұйымдық-құқықтық нысандағы тапсырыс берушілер Шарт сомасының кемінде 30 (отыз) пайыз мөлшерінде алдын ала төлем жүргізеді;

2) одан кейінгі төлемдер Бірыңғай дистрибьютордың шот-фактураны беруі негізінде 10 (он) банктік күннің ішінде жеткізу фактісі бойынша Шарт сомасынан (қосымша келісімнен) алдын ала төлемдерге тепе-тең жүргізіледі.

10. Салықтар және басқа да міндетті төлемдерді бюджетке Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес тиісті Тараптар - салық төлеушілер төлеуі тиіс.

11. осы Шарт бойынша сома сатып алу үшін бөлінген сомаға тең немесе одан артық болмайды.

5-тарау. Тауарды беру және қабылдау шарттары

12. Бірыңғай дистрибьютордың тауарды Тапсырыс берушінің мекенжайына беруі Шарттың 1-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады.

13. Бірыңғай дистрибьютордың тауарды беруі оның белгіленген соңғы пунктке тасымалдау уақытына олардың бұзылуын немесе бүлінуін болдырмауы, тауардың қамтамасын қамтамасыз етуі тиіс. Қаптама қандай да бір шектеулерсіз қарқынды көтергіш көлік өңдеуіне және тасымалдау кезіндегі экстремалды температураның, тұз бен жауын-шашынның, сондай-ақ ашық сақтаудың әсеріне төзуге тиіс.

14. Қаптама және тауарды таңбалау, сондай-ақ құжаттаманың іші және сырты Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамамен анықталған талаптарға сәйкес болуы тиіс.

15. Тапсырыс берушінің тауарды саны мен сапасы бойынша қабылдауын Тапсырыс берушінің және Бірыңғай дистрибьютордың өкілдері жүргізеді. Қабылдау нәтижелері тауарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша ресімделеді. Жеткізу сәтінде Бірыңғай дистрибьютордың өкілдері тауарларды тиісті түрде қабылдау үшін тауарға ілеспе құжаттардың болуын қамтамасыз етуі тиіс. Тауарды жеткізу күні тауардың қабылдау-тапсыру актісін толтыру күні болып саналады. Шарт бойынша жеткізілетін тауар мыналар бойынша Бірыңғай дистрибьютор тапсырды және Тапсырыс беруші қабылдады деп саналады:

1) тауарды қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген тауар саны нақты санына сәйкес келгенде;

2) тауардың қалған жарамдылық мерзімі Шарттың талаптарына сәйкес келгенде;

3) өзіндік ерекшелікке сәйкес (Шартқа 1-қосымша) ілеспе құжаттарда әрбір атауға тауардың қауіпсіздігі және сапасы туралы қорытындының нөмірін және қолданылу мерзімін көрсеткенде;

4) тауардың қаптамасында көрсетілген сериясы/партиясы, жарамдылық мерзімі және ілеспе құжаттарда көрсетілген сериясы/партиясы, жарамдылық мерзімі сәйкес келгенде.

16. Бірыңғай дистрибьютордың уәкілетті өкілінен Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі тауарды қабылдайды. Тауарды берген күні Тараптардың өкілдері тауардың саны мен сапасы ілеспе құжаттарға сәйкес келетінін тексереді. Тапсырыс беруші Бірыңғай дистрибьютордан тауар берілген кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей тауардың ілеспе құжаттарына қол қояды және оларды толық көлемде Бірыңғай дистрибьютордың уәкілетті өкіліне береді.

17. Берілген тауардың ілеспе құжаттарға сәйкессіздігі анықталған жағдайда, бұл сәйкессіздіктер қабылдау-тапсыру актісінде көрсетіледі. Тапсырыс беруші тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін 24 сағаттан кешіктірмей

алынған тауарлардың сапасына байланысты барлық наразылықтары туралы жазбаша шұғыл түрде Бірыңғай дистрибьюторға хабарлауға тиіс. Бұл ретте, Бірыңғай дистрибьютор Тапсырыс берушінің берілген тауарға барлық ескертулерін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жоюға міндеттенеді, олай болмаған жағдайда Тапсырыс беруші Бірыңғай дистрибьютордың әрекетін тауарды уақтылы жеткізбеуі ретінде бағалайтын болады. Бірыңғай дистрибьютор Тапсырыс берушінің хабарламасын алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей (егер хабарламада өзге мерзім көрсетілмесе) берілген тауарды тексеруге қатысу үшін өзінің өкілін жіберуге тиіс.

18. Берілген тауарды немесе оның бөліктерін ауыстыруға осындай тауардың бағасы сақталған немесе төмендеген жағдайда, Тараптардың жазбаша келісімі бойынша Шартқа өзгеріс және/немесе толықтырулар енгізу жолымен рұқсат етіледі.

19. Ілеспе құжаттарға және Шартқа сәйкес келетін тауарды қабылдаудан Тапсырыс беруші тауарды бас тартқан жағдайда Бірыңғай дистрибьютордың уәкілетті өкілі тауарды қабылдаудан бас тарту туралы акт жасайды, бұл жағдайда тауарды беру күні тауар құжаттамасында көрсетілген күн болып саналады. Тапсырыс берушінің тарапынан бас тарту туралы актіге бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы адам немесе Тапсырыс беруші басшысының орынбасары; тауар қабылдауға жауапты адам қол қояды. Бірыңғай дистрибьютордың тарапынан бас тарту туралы актіге Бірыңғай дистрибьютордың уәкілетті өкілі қол қояды. Бұл ретте Тапсырыс беруші берілген тауардың барлық көлеміне, оның ішінде Шарттың 5-тарауына сәйкес Тапсырыс беруші қабылдамаған тауарға ақы төлеуге міндеттенеді.

20. Егер Шартты орындау барысында Бірыңғай дистрибьютор кез келген мезетте тауарды уақтылы беруге кедергі келтіретін жағдайларға тап болатын болса, Бірыңғай дистрибьютор Тапсырыс берушіге жедел кідірту фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі(тері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Бірыңғай дистрибьютордан хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде ахуалды бағалауы тиіс және Бірыңғай дистрибьютордың міндеттемелерді орындау мерзімін ұзарту және/немесе Шартта көрсетілген тауардың мөлшері (саны) азайтылған кідірту фактісі бойынша өз бетімен сатып алу туралы шешімі жөнінде жазбаша түрде ескертуі тиіс. Бұндай жағдайда барлық өзгертулерді Тараптар қосымша келісімге қол қою жолымен ресімдеуге тиіс.

21. Жарамдылық мерзімі екі жылдан кем болатын тауарларды жеткізу мезетіндегі жарамдылықтың қалған мерзімі жеткізу мезетінде жарамдылық мерзімінен кемінде 30 (отыз) пайызды құруы тиіс, жарамдылық мерзімі екі жылдан кем емес тауар үшін жарамдылықтың қалған мерзімі, жарамдылық

мерзімі кемінде 2 (екі) жыл болатын вакциналарды қоспағанда жеткізу мезетінде кемінде 8 (сегіз) айды құрауы тиіс, қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде 40 (қырық) пайызды және жарамдылық мерзімі кемінде 2 (екі) жыл болатын тауар үшін жеткізу мезетінде кемінде он айды құрауы тиіс.

22. Ауыспалы қалдықтар болып табылатын тауар үшін Шарттың 21-тармағында көрсетілгеннен аз қалдық жарамдылық мерзімімен беруге рұқсат етіледі.

23. Тапсырыс беруші оны таратқан, қайта ұйымдастырған, қаржыландыруды, төсек қорын қысқартқан жағдайда Шарттың 2-қосымшасына сәйкес Бірыңғай дистрибьюторды тауарларды беруді жүзеге асырғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей өнімді қабылдаудан бас тарту туралы хабардар етуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші мұндай жағдай басталғаны туралы тиісті құжатты ұсынуға міндетті.

24. Тапсырыс берушінің Бірыңғай дистрибьютордың алдын ала жазбаша келісімінсіз Тараптардың заңды құқықтық мұрагерлерін қоспағанда, Шарт бойынша өзінің міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

25. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

26. Тараптар жауапкершіліктен еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда Шарт бойынша өзінің міндеттерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады (форс-мажор жағдайлары).

27. Осы Шарттың мақсаттары үшін форс-мажор Тараптар жағынан бақылауға бағынбайтын, осы жағдайлар Шарт бойынша кез келген Тарап өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеген Тараптардың жаңсақтығына немесе салғырттығына байланысты емес және күтпеген сипаттағы жағдайды (су тасқыны, жер сілкінісі, мемлекеттік органдардың жұмыстарды орындауға тыйым салатын немесе қандайда бір басқа түрде кедергі келтіретін нормативтік актілерді немесе өкімдерді шығаруы) білдіреді. Бұндай жағдайлар әскери іс-қимылдарды, табиғи және дүлей зілзалаларды, індеттерді, тауарды беруге карантинді және эмбаргоны қамтуы мүмкін, бірақ осындай әрекеттермен шектелуі мүмкін емес.

28. Форс-мажор жағдайлары пайда болған кезде, осы жағдай туындаған Тарап басқа Тарапқа осындай жағдайлар және олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді және форс-мажор жағдайлары пайда болған сәттен бастап күнтізбелік он күннің ішінде олардың туындауын тиісті құжаттармен растайды. Мұндай жағдайда Шарттың әрекеті форс-мажор жағдайлары аяқталғанға дейін

тоқтатыла тұрады және Шарттың қолданылу мерзімі форс-мажор жағдайлары әрекетінің мерзіміне сай ұзартылады. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген жағдайларға сүйену құқығынан айырады.

29. Егер форс-мажор жағдайлары күнтізбелік бір айдан асатын болса, Тараптар бұл туралы жазбаша келісім жасау жолымен Шарттың қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы. Бұл ретте Тараптар нақты берілген тауарға ғана өзара есеп жүргізеді.

30. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, егер Бірыңғай дистрибьютор тауарды жеткізу кестесін сақтамаған болса, Тапсырыс беруші Бірыңғай дистрибьюторды жазбаша нысанда хабардар еткеннен кейін өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей Бірыңғай дистрибьютордың келісімін алғаннан кейін Шарт шеңберінде кешіктірілген әрбір күн үшін Шарт сомасынан уақтылы берілмеген тауар сомасының 0,1% мөлшерінде аспайтын соманы бірақ уақтылы берілмеген тауар құнының 5%-нан асырмай тұрақсыздық төлемі ретінде шегеруге құқылы.

31. Егер Тапсырыс беруші Шарттың 9-тармағында көзделген тауарға ақы төлеу тәртібін бұзса, Бірыңғай дистрибьютор Шарттың шеңберінде басқа құқықтарға залал келтірмей, Шарттың сомасынан Шарт бойынша уақтылы төленбеген соманың 0.02%-ы, бірақ Шарт бойынша уақтылы төленбеген соманың 0,5%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық төлемі түрінде соманы есептеуге құқылы. Осы санкцияға қосымша Бірыңғай дистрибьютор Тапсырыс берушінің басшысынан және құрылтайшысынан(-ларынан) аталған соманы сот тәртібінде қайтарып алуға құқы бар.

7-тарау. Хат-хабар

32. Шарт бойынша барлық коммуникативтік құжаттардың Шарттың күні мен нөмірі көрсетілген Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

33. Шарт бойынша Тараптардан талап етілетін немесе талап етілуі мүмкін кез келген хабарламалар немесе хабарлар жазбаша түрде ұсынылады және тапсырыс хатпен немесе курьер қызметінің көмегімен жіберіледі. Көрсетілген хат-хабар Шарттың 9-тарауында көрсетілген Тараптардың электрондық поштасының көмегімен сканерленген түрде де берілуі мүмкін, мұндай жағдайда хат-хабар тиісті түрде Тарапқа жеткізілді деп есептеледі.

34. Шарт бойынша хат-хабар Шарттың 9-тарауында көрсетілген деректемелер бойынша Тараптарға жіберілуі тиіс.

35. Тапсырыс хатпен немесе курьер қызметінің көмегімен жіберілген хат-хабар екінші Тарапта пошта бөлімшесінің немесе курьер қызметінің оны

жеткізгенін растайтын мөртабаны бар хабарламасы болса, хат-хабар жіберілген Тарап оны алған күні (сағатта) берілген болып саналады. Электрондық пошта арқылы жіберілген хат-хабар Тарапқа оның берілген күнінде (сағатта) ол жіберілген мекенжайға берілген болып саналады.

8-тарау. Қорытынды ережелер

36. Тараптар басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Шартты орындау үшін Тараптар қатыстырған персоналды қоспағанда, ешкімге Шарттың немесе қандайда бір оның қосымшаларының мазмұнын ашуға құқығы жоқ. Көрсетілген ақпарат Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажетті болуына байланысты бұл персоналға құпия берілуі тиіс.

37. Тараптар Шартта көрсетілген өз құқықтары мен міндеттемелерін (талап құқықтарын) үшінші тұлғаға беруге/ауыстыруға құқығы жоқ.

38. Шарт қол қойылған күнінен бастап не тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде міндетті түрде тіркегеннен кейін күшіне енеді және 20__ жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда қолданылады.

39. Шарт өз күшін мынадай жағдайларда жояды:

- 1) Шарттың қолданылу мерзімінің өтуі;
- 2) Тараптардың бірінің банкрот болып танылуы;
- 3) Шарт бойынша міндеттемелердің тиісті түрде орындалуы.

Шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде тараптар өзара есептесудің салыстыру актісіне қол қояды.

40. Бірыңғай дистрибьютор, егер Тапсырыс беруші төлем қабілетті болмаса, Тапсырыс берушіге Шартты бұзу себептерін, жойылған шарттық міндеттемелерінің көлемін, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне ену күнін көрсете отырып, болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Тапсырыс берушіге алдын ала тиісті жазбаша хабарламаны жіберіп, Шартты бұзуға құқығы бар.

41. Бірыңғай дистрибьютор Шарттың 40-тармағының талаптарын сақтаған кезде Бірыңғай дистрибьютор тек Шартты бұзуға байланысты нақты шығыстарды ғана оны бұзу күніне төлеуді талап етуге құқығы бар.

42. Тапсырыс беруші мен Бірыңғай дистрибьютор олардың арасындағы Шарт бойынша немесе онымен байланысты пайда болатын барлық келіспеушіліктер мен дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге күш салуға тиіс. Барлық келіссөздер жазбаша хаттамалармен ресімделеді.

43. Егер мұндай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күннің ішінде Тапсырыс беруші мен Бірыңғай дистрибьютор Шарт бойынша дауларды

шеше алмаса, тараптардың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Бірыңғай дистрибьютордың орналасқан жері бойынша осы мәселенің шешімін талап ете алады.

44. Шарт тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден мемлекеттік және орыс тілдерінде, заңды күші бірдей екі данада жасалады.

45. Шарт бойынша қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

46. Тараптардың қандайда біреуі қайта ұйымдастыру, тарату, банкроттық, атауын, заңды мекенжайын және басқа да деректемелерін өзгерту туралы басқа тарапты жазбаша түрде күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде хабарлауға міндетті.

47. Шартқа енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулардың егер олар жазбаша нысанда жасалған болса, оған тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса, тараптардың мөрімен расталса күші болады. Жеткізу орны тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

48. Ақпаратты ұсыну 24 сағаттың ішінде деген сілтеме кездесетін жерде бүкіл Шарт бойынша Тараптар егер 24 сағаттың өтуі сенбі, жексенбі немесе мемлекеттік мерекелерге сәйкес келсе, осы міндеттемелер жүктелген Тарап үшін мерзімнің аяқталуы автоматты түрде келесі жұмыс күніне ұзартылады деп өзара келісті.

49. Қазақстан Республикасының заңнамасын Шарттың талаптарына қатысты бөлігінде өзгерткен жағдайда Тараптар Шартқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге міндеттенеді.

9-тарау. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Бірыңғай дистрибьютор мен
Тапсырыс берушінің арасында
Дәрілік заттарды және
медициналық мақсаттағы
бұйымдарды сатып алу шартына
1-қосымша

Сатып алынатын тауарлардың ерекшелігі

Р. №	Халықаралық патенттелмеген атауы	Саудалық атауы	Шығарылу нысаны	Өлшем бірлігі	Өлшеп-орау	Бағасы	Саны	Сомасы	Өндіруші
			ЖИЫНЫ:						

Тараптардың деректемелері:

Бірыңғай дистрибьютор мен
Тапсырыс берушінің арасында
Дәрілік заттарды және

Жеткізу кестесі

Р. №	Саудадағы атауы	Өлшем бірлігі	Жалпы саны	Ай сайынғы қажеттілік*											
				қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	я

* - жеткізу басталатын күнге байланысты толтырылады. Жеткізу жоспарланбаған бағандарда "0" немесе "-" қойылады.

Тараптардың деректемелері:

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
12-қосымша
Нысан

Әлеуетті өнім берушінің бағалық ұсынысы (әлеуетті өнім берушінің атауы) (әр лотқа жеке толтырылады)

№ _____ лот

Р. №	Мазмұны
1	Дәрілік заттың қысқаша сипаты (халықаралық патенттелмеген атауы, дәрілік заттың құрамы, техникалық сипаттама, мөлшерлеме және саудалық атауы), медициналық мақсаттағы бұйым
2	Шығарылған елі
3	Жасаушы-зауыт
4	Өлшем бірлігі
5	Баға _____ бірлікке _____ DDP ИНКОТЕРМС 2010 шарттары бойынша _____ (белгіленген пункті)
6	Саны (көлем)
7	Жалпы бағасы, _____ DDP ИНКОТЕРМС 2010 шарттары бойынша _____, белгіленген пункті, әлеуетті Өнім берушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кеден бажын, ҚҚС және басқа салықтарды, төлемдер мен алымдарды төлеуге арналған барлық шығыстарды қоса алғанда, басқа да шығыстар

_____ Мөрі (бар болса) _____
қолы лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

Ескертпе: әлеуетті өнім беруші жалпы бағаның құрамдас бөліктерін көрсетпеуіне болады, бұл ретте осы жолда көрсетілген бағаны Комиссия әлеуетті өнім беруші барлық шығындарды ескере отырып анықтаған баға ретінде қарайды

Жеткізудің үлгі шарты

Астана қаласы 20__ жылғы "___" _____
"СҚ-Фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталатын _____ басқарма төрағасы атынан, _____ қолданыстағы Жарғы негізінде әрекет ететін _____ бір тараптан және бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын _____ атынан, _____ негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын төмендегі туралы осы жеткізу Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні мен құрылымы

1. Өнім беруші Сатып алушыға Шартқа № 1-қосымшада көрсетілген саны, бағасы бойынша тізбеге сәйкес дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы өнімдерді (бұдан әрі - Өнім) жеткізіп беруге міндеттенеді, Шартқа № 3-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша заңды өкілдеріне (бұдан әрі - Қабылдау орны), Сатып алушының рұқсат қағаздарына сәйкес, ал Сатып алушы Шарттың талаптарына қарай Өнімді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2. Шарттың ажырамас бөлігі болып:

- 1) 1-қосымша - жеткізілетін Өнім тізбесі;
- 2) 2-қосымша - Өнімнің қаптамасы мен таңбалауына қойылатын талаптар;
- 3) 3-қосымшада - Қазақстан Республикасы аумақтарында Сатып алушының өкілдері тізімі.
- 4) 4-қосымша - медициналық иммундық-биологиялық препараттардың топтамасын қабылдау актісі;
- 5) 5-қосымша- Өнімнің қабылдау-тапсыру актісі;
- 6) 6-қосымша- тауар-көлік жөнелтпе құжаты табылады.

2. Шарттың бағасы

3. Шарттың бағасы _____ теңгені құрайды, соның ішінде ҚҚС - 0,00 (нөл теңге). Шартқа № 1-қосымшада Өнім бірлігінің құны теңгемен көрсетілген.

4. Шарттың құнына салықтар, алымдар және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да міндетті төлемдер, Өнімді орауға және таңбалауға арналған шығындар, сондай-ақ Өнім берушінің Өнімнің жетіспеушілігін, жиынтықсыздығын немесе сәйкес емес сапасына (жасырын кемшіліктер), оның бұзылуына байланысты, Өнімді сақтандыру мен жеткізу бойынша барлық шығыстары жатады.

5. Өнімнің бір бірлігінің бағасы Тараптар өз міндеттемелерін толығымен орындағанына дейін белгіленіп қойылады (бағаның азаюын қоспағанда).

6. Шартқа сапаның өзгеру шарты мен өнім берушіні таңдау үшін негіз болып табылатын басқа да шарттар кезінде мынадай өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі:

- Тараптардың Өнімге бағаны және тиісінше Шарттың бағасын азайту бөлігінде өзара келісуі бойынша;

- Өнімнің көлемін өзгерту бөлігінде.

7. Тапсырыс берушілердің (денсаулық сақтау ұйымдары) түзетілген өтінімінде ұсынылған сатып алынатын дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың көлемдерін азайтқан жағдайда Сатып алушы заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті бюджеттерді бекіткеннен кейін Шартқа жеткізу көлемін және Шарт бағасының сәйкесінше мөлшерлес азайтылуы бойынша өзгерістер енгізіледі.

8. Тапсырыс берушілердің соңғы өтінімінде сатып алынатын дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың көлемдерін ұлғайтқан жағдайда Өнімді жеткізу көлемдері мен Шарт бағасының мөлшерлес азайтылуына жол беріледі.

3. Төлем тәртібі

9. Олар шығарған және берген Өнім үшін төлем 60 (алпыс) банк күні ішінде жүзеге асырылатын отандық тауар өндірушілерді қоспағанда, Шарт бойынша берілген Өнімге төлеуді Сатып алушы 90 (тоқсан) банк күні ішінде теңгемен жүргізіледі.

10. Төлем Өнімнің берілгенін растайтын тиісінше ресімделген мына құжаттарды Өнім беруші уақтылы ұсынып, Сатып алушы алған жағдайда жүргізіледі:

1) Өнім берушінің шот-фактурасын;

2) қауіпсіздік және сапасы туралы қорытындының нөмірі және қолданылу мерзімі көрсетілген Өнімді шетке беру жүкқұжатын;

3) Шарттың 6-қосымшасында көзделген талаптарға сәйкес саны және сапасы бойынша Сатып алушының немесе оның өкілінің Өнімді қабылдау туралы белгісімен Өнім берушінің тауар-көлік жүкқұжаты;

4) Сатып алушының немесе оның өкілінің саны және сапасы бойынша Өнімді қабылдау туралы белгісімен Өнім берушінің қаптама парағы;

5) Шарттың 4 және/немесе 5-қосымшаларында көзделген талаптарға сәйкес Тараптар қол қойған Өнімді қабылдау-тапсыру актісі;

6) Тараптар қол қойған өзара есеп айырысуды салыстыру актісі (бұл құжатты Өнімнің соңғы партиясымен бірге Өнім беруші ұсынады).

4-тарау. Өнімді орау және таңбалау

11. Тиеуді қоса алғанда, Өнім Сатып алушыға оны тиеу, темір жол және/немесе автомобиль көлігі арқылы тасымалдау, ауыстырып, түсіру кезінде Өнімнің сақталуын қамтамасыз ететін паллеттерде, тиісті қаптамада жеткізілуі тиіс.

12. Өнімді орау және таңбалау шарттары Шарттың 2-қосымшасымен көзделген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

5-тарау. Орындалуын қамтамасыз ету

13. Шарт бойынша өз міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында Өнім беруші Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Сатып алушыға Шарттың бағасынан 3 (үш) пайыз мөлшерінде кепілдікті қамтамасыз етуді ұсынады.

14. Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудың енгізілген қамтамасыз ету Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін толық немесе тиісінше орындағаннан кейін жазбаша жүгінуі бойынша Өнім берушіге қайтарылады.

15. Сатып алушы Өнім беруші енгізген Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудың енгізілген қамтамасыз ету мынадай жағдайларда ұстайды:

1) Өнім беруші шарттық міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты Шартты бұзу;

2) Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау (жеткізу мерзімдерінің бұзылуы, сапасыз дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу және Шарттың басқа да талаптарын бұзу);

3) Шартпен көзделген міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін айыппұл санкцияларын төлемеу.

6-тарау. Ерекше жағдайлар

16. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында, Сатып алушы Шарттың 1-қосымшасында көрсетілген жеткізу кезеңі басталғанға дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей Өнім берушіге

Шарттың 14-тарауында көрсетілген электрондық поштаға, Қабылдау орындарының атауларын, саны мен мекенжайларын көрсете отырып, Өнімді жеткізуге тиеу жүкқұжатын жібереді.

17. Өнім беруші апта сайын Сатып алушыға Өнімнің қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғанға дейін осы Шарттың барлық орындалу сатылары (өндіру, кедендік тазарту рәсімі, қауіпсіздік пен сапа, сақтау, тиеу және т.б.) туралы ақпарат беріп отыруға міндетті.

18. Өнімді тиеуді бастауға 24 сағат қалғанда Өнім беруші Сатып алушыға мына ақпаратты көрсете отырып, Шарттың 3-қосымшасында көрсетілген Сатып алушының уәкілетті өкілінің электрондық мекенжайына алдағы тиеу туралы хабарлама жіберуге міндеттенеді:

- 1) Шарттың нөмірі мен күні;
- 2) жеткізілетін Өнімнің атауы;
- 3) көліктің (вагонның, контейнердің) нөмірі;
- 4) тиеу күні;
- 5) Өнімнің орындар саны мен салмағы;
- 6) тиелетін Өнімнің бағасы.

19. Өнімді тиегеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей және Өнімді Қабылдау орнына нақты жеткізген күннен кешіктірмей, Өнім беруші Сатып алушыға Шарттың 3-тарауының 10-тармағында көрсетілген, Өнімді тиеуге қатысты құжаттарды толық көлемде Сатып алушыға ұсынуға міндетті. Көрсетілген құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес келуі тиіс. Көрсетілген құжаттарда ескертулер анықталған жағдайда Сатып алушының немесе оның уәкілетті өкілінің талабы бойынша күнтізбелік 3 (үш) күннен артық емес көрсетілген құжаттарға жасалған ескертулерді жоюы тиіс.

20. Шарттың 3-қосымшасында көрсетілген Қабылдау орнында Тараптар арасында қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күн Өнімді жеткізу күні болып саналады. Өнім беруші Өнімді тапсырған болып және Сатып алушымен қабылданған болып саналады:

1) Тараптар қол қойған Өнімді қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген саны бойынша;

2) егер оны ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Шарт талаптарына сәйкес міндетті болса, Өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжатта және Өнімнің шыққан елін куәландыратын құжатта көрсетілген сапаға сәйкес сапасы бойынша.

21. "Суықтық тізбегін" сақтау шарттарын талап ететін Өнімді тасымалдау суықтық элементтерімен термоконтейнерлерде немесе барынша тығыз уақытта тоңазытқышпен (авторефрижаторында) арнайы автокөлікте жүзеге асырылуы

тиіс. Медициналық иммундық-биологиялық препараттарды (бұдан әрі - МИБП) тасымалдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

22. "Суықтық тізбегін" сақтау шарттарын талап ететін Өнімді жеткізу кезінде Өнім беруші дайындаушы ұйымның қоймасынан бастап Сатып алушының қоймасына дейін барлық жолда тасымалдау кезінде температуралық режимді көрсететін құжаттарды ұсынуы тиіс.

23. Өнім беруші (Өнім берушінің өкілі) температуралық режимнің сақталу фактісін және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға Өнімнің сәйкестігін растау үшін Сатып алушының қоймасында болуы тиіс.

24. Өнім берушінің (Өнім беруші өкілінің) Сатып алушының уәкілетті өкіліне беруі оның қоймасында Өнім беруші мен Сатып алушының уәкілетті тұлғалары Шарттың 5-қосымшасымен (МИБП-ті жеткізу 4-қосымшамен көзделген актімен ресімделеді) көзделген Өнімді қабылдау-беру актісіне қол қоюмен ресімделеді.

25. Тасымалдаудың ұйғарылған температуралық талаптарының бұзылуы/ рұқсатсыз ауытқуы айқындалған жағдайда партия карантинге ұшырайды және сатуға арналған Өнімнен физикалық оқшауландырылады.

26. Өнімнің жетіспеушілік, толық жиынтықталмау немесе лайықсыз сапасының фактісі анықталған, оның ішінде тасымалдаудың ұйғарылған температуралық талаптарының бұзылуы/ рұқсатсыз ауытқуы айқындалған жағдайда Сатып алушы немесе оның уәкілетті өкілі мұндай фактілер (ескертулер /ақаулар) анықталған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей айырмашылық актісін дайындауы тиіс және Өнім берушіні Шарттың 14-тарауында көрсетілген электрондық мекенжайға жазбаша түрде хабарлауы тиіс.

27. Өнім беруші осындай хабарламаны алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей (егер хабарламада басқа мерзім көрсетілмесе) Өнімнің саны, толық жиынтықталмауы және лайықсыз сапасы бойынша тексеруге қатысу үшін өзінің уәкілетті өкілін жіберуге міндетті. Тексеру нәтижесі бойынша Тараптар растаған ескертулерді/кемшіліктерді жою үшін күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімге белгіленген тексеру актісін әзірлейді.

28. Шарттың 6-тарауының 27-тармағымен белгіленген мерзімде Өнім берушінің уәкілетті өкілі келмеген жағдайда, Сатып алушы кейіннен 1 (бір) жұмыс күнінің ішінде оны Өнім берушіге жібере отырып, ескертулерді/кемшіліктерді жою үшін күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімді көрсете отырып, Өнімнің жетіспеушілігін, жиынының толық еместігін немесе сапасының сәйкес еместігін тексерудің бір жақтық актісін жасайды, кейін Өнім берушіге 15 күнтізбелік күннің ішінде табылған кемшіліктерді жоюға оны міндеттейтін хабарламаны жолдайды.

29. Шарттың 6-тарауының 25, 26, 27, 28-тармақтарымен айқындалған Өнім кемшіліктерінің жойылмауы немесе уақтылы жойылмауы Өнім кешіктіріліп берілген болып есептеледі және Шарттың 8-бөлімінің 41-тармағымен белгіленген жауаптылыққа әкеледі.

30. Тараптар қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған соң Өнімнің көзге көрінбейтін ақауларын (нұсқаулықтың жоқтығын, зақымданбаған басқа қаптама кезінде бастапқы қаптаманың ақауын, қаптамадағы таңбалаудың сәйкессіздігін (мысалы, тілі мен таңбалаудың сәйкессіздігі) қоса алғанда - қирау, ақау) немесе лайықсыз сапасы анықталған жағдайда, Сатып алушы немесе оның уәкілетті өкілі 1 (бір) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге жазбаша хабарлап, оның өкілінің Өнімді сақтау орнына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуі тиіс.

31. Өнім беруші 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде хабарлама алған сәттен бастап Сатып алушының тілек-талабында көрсетілген Өнімдерді тексеруге қатысу үшін өзінің өкілдерінің келуін қамтамасыз етуге міндетті. Өнімнің жетіспеушілігін растау туралы Тараптар қол қоятын тексеру актісі жасалады.

32. Тараптар келіскен шешім қабылданғанға дейін карантиндік, ақауы бар Өнім тізімделіп, басқа Өнімдерден бөлек осы мақсатқа арнап бөлінген жерде сақталады.

33. Өнімнің көзге көрінбейтін ақаулары расталған жағдайда Өнім беруші күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде ақауы бар Өнімді тегін ауыстыруды жүргізеді. Бұл ретте Өнімнің сапасы мен басқа да техникалық сипаттамаларының Шартпен айқындалған талаптарға сәйкестігі міндетті шарт болып табылады. Өнім беруші хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде өз бетінше ақауы бар Өнімді толық алуды (қайтаруды) жүзеге асыруға міндетті.

34. Осы тараудың 30, 31, 33-тармақтарымен айқындалған тәртіппен Өнімнің кемшіліктерін уақтылы жоймау Өнімді уақытылы жеткізбеу деп бағаланады және Шарттың 8-тарауының 41-тармағымен белгіленген жауаптылыққа әкеледі.

7-тарау. Өнімге берілген кепілдіктер

35. Өнім беруші Өнімге арналған таңбаға немесе өзге де танып айыратын деректеріне сәйкес оның жарамдылық мерзімі ішінде Өнімнің барлық көлеміне кепілдік береді.

36. Кепілдік мерзімі шеңберінде Өнім беруші өз есебінен және тәуекелінен кепілді міндеттемелерді орындау жағдайының басталғаны туралы Сатып алушыдан жазбаша хабарлама алған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде денсаулық сақтау ұйымдарында (тапсырыс берушілер) сапасыз Өнімді алмастыруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

37. Жеткізілетін Өнімнің сапасы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және нормативтік құжаттамаларымен белгіленген

талаптарға сәйкес келуі және Шарттың 6-тарауының 20-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттамаға сәйкес келуі тиіс.

38. Өнімнің сапасы Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) ұсынылған үлгілерге, сипаттамаларға, белгілі бір тіркеу мәліметіне сәйкес келуі тиіс және уәкілетті орган бекіткен тұтынушыларға арналған ақпараттан тұратын құжатпен сүйемелденуі тиіс.

Егер Өнім мұндай кепілдіктерге немесе ерекшеліктерге сәйкес келмесе Өнім беруші қосымша төлемсіз сәйкес келмейтін Өнімді сәйкес Өніммен ауыстырады.

39. Өнім беруші Сатып алушыға өзі жеткізген Өнімнің үшінші бір тұлғалардың кез келген құқығынан және тәуелдіктерінен еркін екеніне және еркін болатынына кепілдік береді.

40. Жалпы жарамдылық мерзімі 2 (екі) жылдан кем болатын Өнім үшін жеткізу сәтіндегі жарамдылықтың қалдық мерзімі жеткізу сәтіндегі жарамдылықтың жалпы мерзімінен кемінде 60 (алпыс) пайызды құруы тиіс. жарамдылық мерзімі 2 (екі) жылдан артық болатын Өнім үшін жарамдылықтың қалдық мерзімі жеткізу сәтіндегі жарамдылықтың жалпы мерзімінен кемінде 14 (он төрт) пайызды құруы тиіс.

8-тарау. Міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

41. Өнім беруші Өнімді жеткізу мерзімін бұзғаны үшін Өнім беруші Сатып алушыға Өнімнің мезгілсіз берілген сомасынан 0,2% мөлшерінде өткізіп алған мерзімнің әр күні үшін, бірақ Өнімнің құнынан 20% артық емес өсімақысын төлейді. Өсімақыны төлеу Өнім беруші Сатып алушыдан тиісті шотты қоса алғанда, хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннің ішінде жүргізіледі.

42. Өнім беруші барлық Өнімді немесе бір бөлігін жеткізуден бас тартқан жағдайда, ол Сатып алушыға осы Шарттың бағасының 10%-ы мөлшерінде бір реттік айыппұл төлеуге міндетті. Сатып алушы бір реттік айыппұл төлеуге шотты Шарттың 1-қосымшасында көрсетілген Өнімді жеткізудің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде төлеуге жатады.

43. Сатып алушы өсімақы және/немесе айыппұл төлеу үшін берген шот берілген Өнімге төлеу бойынша және өсімақы және/немесе айыппұл төлеу бойынша қарсы біртектес талаптарды есепке алуды жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін.

44. Шарттың 8-тарауының 41, 42-тармағына сәйкес өсімақы және/немесе айыппұл төлеу бойынша Сатып алушының Өнім берушінің міндеттемелерін өтеудің есебінен орындауды қамтамасыз ету сомасын ұстауға құқығы бар.

45. Сатып алушының Өнім берушіге қандай болса да шығыстар мен шығындарды өтемей-ақ, Шартты толығымен немесе ішінара (Өнім беруші

жеткізу мерзімін бұзған жекелеген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізуге қатысты) біржақты тәртіппен бұзуға құқылы (Шартты орындаудан бас тартуға), егер:

- 1) Өнімді жеткізу мерзімін кешіктіру күнтізбелік 30 (отыз) күннен асса;
- 2) өсімпұл және/немесе айыппұл төлеудің кідіруі күнтізбелік 15 (он бес) күннен асса;
- 3) Шартпен белгіленген мерзімде Өнім беруші Шартты орындауды Қағидалардың 277-тармағының талаптарын бұза отырып, қамтамасыз етуді ұсынса.

46. Өнім беруші Сатып алушының Шартты біржақты тәртіппен бұзу себебі, алынып тасталған шарттық міндеттемелердің көлемдері көрсетілген Шартты біржақты бұзу (Шартты орындаудан бас тарту) туралы тиісті жазбаша хабарламасын алған күні Шарт толық немесе ішінара бұзылды деп есептеледі.

47. Сатып алушы жекелеген Өнімді жеткізуге қатысты Шартты біржақты ішінара бұзған кезде қалған бөлігінде Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелері тоқтамайды.

48. Берілген Өнімге төлеуді негізсіз кешіктірген жағдайда Сатып алушы Өнім берушінің жазбаша хабарламасының негізінде өткізіп алған мерзімнің әрбір күні үшін берешек сомадан 0,1% мөлшерінде, бірақ берешек сомадан 5%-дан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

49. Өсімақы немесе айыппұл төлеу Тараптарды Шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

50. Өнім беруші Сақтау орнынан Өнімнің барлық ақауы бар партиясын ауыстыру және/немесе толықтай алу (қайтару) бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда Өнім беруші Сатып алушыға Шарт бойынша сақтау орынан барлық сапасыз (зақымданған және (немесе) ақаулы) Өнімнің партиясын ауыстыру, толықтай алу (қайтару) бойынша міндеттерін бұзудың әрбір күні үшін партиясын ауыстыруға, толықтай алуға (қайтаруға) жататын Өнімнің бағасынан 1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

9-тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор)

51. Тараптар Шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін толықтай немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан болса (топан су, жер сілкіну, қандай да бір себептерден Өнімді жеткізуге және төлеуге тыйым салатын не кедергі келтіретін мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің немесе өкімдерінің шығуы), бұл жағдайлар кез келген Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермесе.

52. Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайлары әрекет еткен, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдар болатын уақытқа дейін ұзартылады.

53. Еңсерілмейтін күш туындағаны туралы кез келген Тарап басқа Тарапқа олардың туындаған күнінен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннің ішінде хабарлауға міндетті. Еңсерілмейтін күш жағдайларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органы және (немесе) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы растауы тиіс.

54. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген жағдайларға сүйену құқығынан айырады.

55. Егер Тараптар 2 (екі) айдан артық міндеттемелерін толықтай немесе ішінара орындай алмаса, онда Тараптардың кез келгені Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуға құқылы.

10-тарау. Дауларды шешу тәртібі

56. Шарт бойынша Тараптардың арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі.

57. Дауларды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, кез келген Тарап Сатып алушының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

58. Шартпен реттелмеген құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

11-тарау. Хат-хабар

59. Шарт бойынша барлық коммуникативтік құжаттардың Шарттың нөмірі мен күні көрсетілген Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

60. Шарт бойынша Тараптардан талап етілетін немесе талап етілуі мүмкін кез келген хабарламалар немесе хабарлар жазбаша түрде ұсынылады және тапсырыс хатпен немесе курьер қызметінің көмегімен жіберіледі. Көрсетілген хат-хабар Шарттың 14-тарауында көрсетілген Тараптардың электрондық поштасының көмегімен сканерленген түрде де берілуі мүмкін, мұндай жағдайда хат-хабар тиісті түрде Тарапқа жеткізілді деп есептеледі.

61. Шарт бойынша хат-хабар Шарттың 14-тарауында көрсетілген деректемелер бойынша Тараптарға жіберілуі тиіс.

62. Тапсырыс хатпен немесе курьер қызметінің көмегімен жіберілген хат-хабар екінші Тарапта пошта бөлімшесінің немесе курьер қызметінің оны жеткізгенін растайтын мөртабаны бар хабарламасы болса, хат-хабар жіберілген

Тарап оны алған күні (сағатта) берілген болып саналады. Электрондық пошта арқылы жіберілген хат-хабар Тарапқа оның берілген күнінде (сағатта) ол жіберілген мекенжайға берілген болып саналады.

12-тарау. Құпиялылық

1. Шарттың қолданысының нәтижесінде мынадай жағдайлардан басқа бір Тараптың екінші Тарап үшін ұсынған ақпараты Шарттың уақыты біткеннен кейін немесе бұзғаннан кейін 3 (үш) жылға дейін құпия болып табылады:

1) ашу кезінде жұртшылықтың қолы жетімді;

2) - ашқаннан кейін басқа Тарапқа жариялау арқылы немесе өзге түрде ашқан (мемлекеттік, құқық қорғау және сот органдарының сұратуы бойынша ұсыну арқылы) Тараптың жұртшылықтың пайдалануына түсетін;

3) -екінші Тарап ашу кезінде Тараптардың иелігінде болатын және осындай Тараптың тікелей немесе жанама сатып алмайтын;

4) - үшінші тараптан алынды, алайда мұндай ақпарат құпиялылықты кепілдендіретін Тараптан тікелей немесе жанама ұсынылмаған ақпарат.

2. осы бөлімге сәйкес өзінің міндеттемелерін растайтын Тарап осындай міндеттемелерді бұзуды белгілеген жағдайда өзіне дәлелдеу ауыртпалығын жүктейді.

13-тарау. Өзге де жағдайлар

65. Егер Өнім беруші банкрот болса немесе төлеу қабілеті жоқ болса Сатып алушының Шартты бұзуға құқығы бар. бұл жағдайда Тараптардың міндеттемелерін орындауын тоқтату тездетіп жүзеге асырылады және Сатып алушы Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемеге жауапты болмайды. Бұл ретте Өнім беруші Шартты бұзуға, оны бұзу күніне байланысты тек нақты шығыстарды ғана талап етуге құқығы бар. Өнім беруші, өзінің құқықтық мұрагерлерін қоспағанда, Сатып алушының оған жазбаша келісімі болмаса, өзінің Шарт бойынша міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқы жоқ.

66. Сатып алушы осы Шартты бұзу себептерін, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемін, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне ену күнін көрсете отырып, болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушіге алдын ала тиісті жазбаша хабарламаны жіберіп, Шартты бұзуға құқығы бар.

67. Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулардың күші болады, егер олар жазбаша нысанда жасалса, Тараптардың осыған уәкілетті өкілдері қол қойса және Тараптардың мөрімен расталса.

68. Тараптар осы Шартта көрсетілген өздерінің құқықтары мен міндеттемелерін (талап ету құқығын) үшінші тұлғаға беруге/алмастыруға құқылы.

69. Қандайда бір Тарап заңды мекенжайын және басқа да деректемелерін өзгерткен жағдайда, мұндай өзгерістер болған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті.

70. Шарт Өнім берушіге және Сатып алушыға бір данадан 2 (екі) данада жасалды.

71. Осы Шарттың талаптарына қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгерткен жағдайда Тараптар осы Шартқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге міндеттенеді.

72. Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда, өзара есеп айырысу бөлігінде - оларды Тараптар толық орындағанға дейін қолданылады.

73. 24 сағаттың ішінде ақпаратты ұсынуға қатысты сілтеме жүріп жатқан бүкіл Шарт бойынша Тараптар 24 сағаттың өтуі сенбі, жексенбі немесе мемлекеттік мерекелерге келіп тұрса, онда осы міндеттемелердің орындалу мерзімі келесі жұмыс күніне ұзартылатынына келісті.

14-тарау. Заңды мекенжайлар, банк деректемелері

ж. _____
жеткізу үлгі шартына
1-қосымша

Жеткізілетін өнімнің тізбесі

№	Халықаралық патенттелген атауы	Саудалық атауы	Шығарылу түрі	Өндіруші	Өлшеп-орау №	Өлшем бірлігі	Бағасы, теңге	Бірліктер саны	Сома (теңге)	Соның ішінде ҚҚС	Жеткізу кестесі
---	--------------------------------	----------------	---------------	----------	--------------	---------------	---------------	----------------	--------------	------------------	-----------------

ЖИЫНЫ: Сома _____ теңгені құрайды, соның ішінде ҚҚС сомасы 0,00 (нөл теңгені) құрайды.

Сатып алушы: Өнім беруші:

Мөрі (бар болса) Мөрі (бар болса)

Қолы Қолы

20__ ж. _____
жеткізу үлгі шартына
2-қосымша

Өнімнің қаптамасына және таңбасына қойылатын талаптар

1. Әр жәшіктің немесе қаптаманың сыртқы жағында қаптама қағазының көшірмесі бар су өткізбейтін қағаздан жасалған конверт жапсырылады. Конверт

жәшікке бекітілетін металл пластинкамен жабылуы тиіс. Қаптама қағаздың екінші көшірмесі өнім салынған жәшікке салынуы тиіс. Егер өнім қаптамасыз жіберілетін болса, онда конверт өнімнің тікелей жұмыс істемейтін бөліктеріне бекітіледі.

2. Егер техникалық құжаттама көзделген болса, атап айтқанда өнімді пайдалану жөніндегі нұсқаулар өнім салынған жәшікке немесе қаптамаға қажет жеріне салынады.

3. Таңба өнімі бар әрбір жәшіктің немесе қаптаманың үш жағынан (әр жәшіктің қақпағына, алдыңғы және сол жағына) жуылмайтын бояумен орыс тілінде жазылады. Өнімі бар әр жәшік мынадай үлгіде таңбалануы тиіс:

Жіберушінің атауы _____

Алушының атауы _____

- шарт № _____

- жалпы салмағы - _____

- таза салмағы - _____

- жәшік немесе қаптама № _____

Сатып алушы: Өнім беруші:

_____ Мөрі (бар болса) Мөрі (бар болса)

Қолы Қолы

20 ____ ж. ____
жеткізу үлгі шартына
3-қосымша

**Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі
Сатып алушының уәкілетті өкілдерінің
Тізімі**

Уәкілетті өкілдердің атауы	Заңды мекенжайы	Қабылдау орны	Электрондық пошта мекенжайы
----------------------------	-----------------	---------------	-----------------------------

Сатып алушы: Өнім беруші:

Мөрі (бар болса) Мөрі (бар болса)

Қолы Қолы

____ ж. ____
жеткізу үлгі шартына
4-қосымша

Медициналық иммундық-биологиялық препараттардың топтамасын қабылдау актісі

Жіберу мекенжайы _____

____ Тасымалдау барысында жоспарланған аялдамалар: _____

- Жіберу күні (авиа/темір жол жүкқұжаттарының деректеріне сәйкес): _____
- Белгіленген жерге жүктің келу күні мен уақыты: _____
- Препараттың атауы: _____
- Ұйым, дайындаушы: _____
- Қаптамалардың немесе сауыттардың (ампулалар) саны: _____
- Дозаның (литрлер, таблеткалар) мөлшері: _____
- Серияның нөмірі, бақылау нөмірі: _____
- МИБП жарамдылық мерзімі: _____
- ерітінді сауыттардың (ампулалар) саны: _____
- Серияның нөмірі, бақылау нөмірі: _____
- ерітіндінің жарамдылық мерзімі: _____
- Индикаторлардың көрсетімдері: жүктің түсінің өзгеруі, жағдайы _____
- Контейнерлердің жалпы саны: _____
- Таңбалаудың болуы: _____
- Жеткізу сәтіндегі қаптамалардың жағдайы (бүтіндігінің бұзылуы, бұзылуының, ақауының, ылғал іздерінің, жазулардың өшіріліп қалуының болуы): _____
- Тапсырды: _____
- Мөр (бар болса)
(Өнім берушінің уәкілетті өкілінің қолы)
- Қабылдады: _____
- Мөрі (бар болса) (Сатып алушының уәкілетті өкілінің қолы)

20__ жылғы __ _____
№__ жеткізу шартына
5-қосымша

Қабылдау-беру актісі

_____ 20__ жылғы "___" _____

(тауарларды қабылдау орны) (тауарларды қабылдау күні (қабылдау-беру фактісі бойынша толтырылады)

№	атауы	сериясы	бірлі.	саны	бір бірл. үшін бағасы, теңгемен	сомасы, теңге
1						
2						
жиыны:						

(_____ теңге _____ тиын)

Қаптама мен таңбалау бойынша талаптарды сақтау жағдайы _____
_____ тауарға қауіпсіздігі мен сапасы туралы қорытынды (сәйкестік сертификаттары) қоса беріледі және тексерілді _____
_____ температуралық бергіштердің/индикаторлардың көрсеткіштері (бар болса) _____

Температуралық режимді сақтау _____

Тараптардың уәкілетті өкілдері тауарлардың жүкқұжаттары мен шот-фактураларына қол қойды.

айырмашылық актісінің болуы _____

Сенімхаттар бойынша өкілдердің өкілеттілігі белгіленді.

тапсырды:

_____ мөр (бар болса)

(Өнім берушінің уәкілетті өкілінің қолы)

қабылдады: _____ мөр

(бар болса)

(сенімхат бойынша сатып алушының уәкілетті өкілінің қолы)

Сатып алушы: Өнім беруші:

20__ жылғы _____

№__ жеткізу шартына
6-қосымша

1-ші дана - жүк
жіберушіге
2-ші дана - жүк
алушыға
3-ші және 4-ші
д а н а -
тасымалдаушыға

№ ТАУАРЛЫҚ-КӨЛІКТІК
ЖҮКҚҰЖАТ _____

20__ ж. "___" _____

Автомобиль _____ № _____ серия _____ код жол жүру
парағына
маркасы, мем. нөмірлік белгісі

Тасымалдаушы _____ Жүргізуші _____

Тасымалдау түрі _____

_____ код атауы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Тапсырыс беруші (төлеуші)

код

атауы

жүк жіберуші

код

атауы

жүк алушы

код

атауы

Түсіру пункті _____ Түсіру пункті _____

Маршрут № _____

мекенжайы мекенжайы

қайта жіберу _____

1. Прицеп _____

Гар. № _____

жаңа алушының атауы мен мекенжайы маркасы, мем. нөмірлік белгісі

2. Прицеп _____

Гар. № _____

жауапты адамның қолы маркасы, мем. нөмірлік белгісі

ЖҮК ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ*)											
Номенкл. №, код	№ прейск. позиция	тауар (жүк) өнімінің атауы немесе контейнерлердің нөмірі	Өлшем бірлігі	саны	бағасы	Сомасы	Жүкпен бірге құжат	қаптаманың түрі	орын саны	паллето-орынның саны	ж к (м
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
ЖИЫНЫ											
барлығы сомаға келіп түсті _____ босатуға рұқсат берді _____											
жазумен лауазымы қолы _____											

Түзет. көрсетілген жүк. саны пломбымен, ыдыспен, қаптамамен _____ орны _____ оттиск жазумен Масса брутто, т _____ _____ тасымалдауға	Түзет. көрсетілген жүк. саны пломбымен, ыдыспен, қаптамамен _____ орны _____ оттиск жазумен	_____ берілген 20__ ж. " __ " _____ № __ _____ сенімхат бойынша
---	---	---

											35

бағасын есептеу	тоннасы үшін	автомоб. мен прицепті толтыра тиемеу	арнайы көлік үшін	Көлік қызметі үшін	Тиеу-түсіру жұмысы (тонна)	нормативтен тыс тұрып қалу		басқа да қосымша төлем	тұрып қалуды қысқартуға жеңілдіктер	барлығы	Такс
						тиеу	түсіру				
	37	38	39	40	41	42	43	44	45	46	47
Орындалды											
Бағалау											
Төлеуге											
											Такс қолы

*) "Жүк туралы мәлімет" деген бөлімде тауарлық-көліктік жүкқұжатта босатылатын барлық тауарлық-материалдық құндылықтардың атаулары мен сипаттамаларын атап көрсету мүмкіндік болмаса тауарлық-көліктік жүкқұжатқа тауарлық бөлім ретінде оның ажырамас бөлігі ретінде белгіленген тәртіппен бекітілген мамандандырылған нысандар (тауарлық жүкқұжат мен басқа да нысандар) қоса берілуі тиіс, онда жүк жіберушілердің тауарлық-материалдық құндылықтарын тізімнен шығару және жүк алушыларға оны тіркеу жүргізіледі, сондай-ақ қоймалық, жедел және бухгалтерлік есепке алу жүргізіледі.

Мұндай жағдайларда "Жүк туралы мәлімет" деген бөлімнің 1, 2, 4, 5, 6 және 7 - бағандары тауарлық-көліктік жүкқұжатпен толтырылмайды. Көрсетілген бағандардың бос жолдарында олардың көшірмелерінің мамандандырылған нысандары, нөмірлері мен күндері жазылады

сатып алушы: Өнім беруші:

мөр (бар болса) және қолы мөр (бар болса) және қолы

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
14-қосымша
Нысан

Банктік кепілдік

(жеткізу шартын/сатып алу шартын/қаржылық лизинг шартын орындауды қамтамасыз ету нысаны)

Банктің атауы: _____

— (банктің атауы мен деректемелері)

Кімге: _____

— (Тапсырыс берушінің атауы мен деректемелері)

№ _____ кепілдік міндеттеме

_____ ж. " _____ "

(орналасқан жері)

"Өнім беруші" _____ Тапсырыс беруші мен

(Өнім берушінің атауы)

Өнім берушінің арасындағы _____ ж. № _____ жеткізуге (орындауға, көрсетуге) медициналық техниканы сатып алу шартын/қаржылық лизинг шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасқанын (жасасатынын)* _____

_____ (тауарларды немесе қызметтердің сипатталуы)

және Сіз Шартта Өнім беруші жалпы сомасы _____

_____ теңге

— (банктің атауы)

банктік кепілдеме түрінде оның орындалуын қамтамасыз етуді енгізетінін көздегеніңізді назарға ала отырып, осымен жоғарыда көрсетілген Шарт бойынша кепілдік беруші болып табылатынымызды растаймыз және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген ТМККК және МӘМСЖМК көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесінің (бұдан әрі - Ереже) 98, 282, 472-тармақтарында көзделген негіздемелер бойынша Сіздің ақы төлеуге жазбаша талабыңызды, сондай-ақ Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны туралы жазбаша растауыңызды алғаннан кейін Сізге сіздің талабыңыз бойынша _____

(сомасы санмен және жазбаша)

соманы төлеуге өзімізге кері қайтарылмайтын міндеттеме аламыз.

Осы кепілдік оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған сәтке дейін қолданылады.

Кепілдік берушілердің қолы мен мөрі Күні және мекенжайы

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
15-қосымша
Нысан

Ұзақ мерзімді жеткізу шарттарын жасасу конкурсына қатысуға өтінім

1. Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы туралы мәлімет		
1.	Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының атауы	
2.	Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының тіркеуден (қайта тіркеуден) өткені туралы ақпарат (күні, негіздемесі)	
3.	Орналасқан жері: заңды мекенжайы нақты орналасқан жері	
4.	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)	
5.	Қазақстан Республикасы заңды тұлғасының басшысы	(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) (телефон, факс, электрондық пошта)
2. Жоба туралы мәліметтер		
6.	Жобаның атауы	*
7.	Жобаны іске асыратын орны	
8.	Заңды тұлғаның бекітілген активтеріне инвестициялардың көлемі (ағымдағы және келешектегі кезеңдердегі инвестициялар ескеріледі)	(теңге)
9.	Жобаны қаржыландыру көздері: меншікті қарыз қаражаты	(меншікті қаражаты бар екенін растайтын құжат) (қаржыландыру көздерін және жобаны қаржыландыруға кепілдікті белгілейтін құжат)
10.	Жобаны іске асыру мерзімдері	
11.	Жобаны іске асыру кестесі және кезеңдері	
12.	Өндірілетін дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізімі	

Өтінімге қосымша:

_____ (әлеуетті Өнім беруші)
) өтінімде қоса берілетін құжаттарда қамтылған ақпарат үшін дұрыстығын (дәйектілігін) мәлімдейді және кепілдік береді, ұсынылған ақпаратқа жауапты

болады және жосықсыз өнім берушілер тізбесіне қосу шарттармен, сондай-ақ ұзақ мерзімді жеткізу шарты бұзу талаптарымен таныстырылды.

Қазақстан Республикасының заңды тұлға басшысының Т.А.Ә.

Қолы, мөрі (бар болса)

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
16-қосымша
Нысан

Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісін құру және (немесе) жаңғырту бойынша инвестициялық жобаны іске асыру кезеңдері мен жарты жылдық кестесі туралы ақпарат

Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісін құру және (немесе) жаңғырту бойынша инвестициялық жобаның атауы			
	Кезеңдер	Іске асырудың жарты жылдық кестесі (тоқсан сайын)	Жұмыстың мазмұны
1	1-кезең – __ жылғы ____ жарты жылдық		
2	2 -кезең – __ жылғы ____ жарты жылдық		
3	3-кезең – __ жылғы ____ жарты жылдық – __		
4			

Өтінімге қосымша:

_____ (әлеуетті өнім беруші)
өтінімдегі және қоса беріліп отырған құжаттағы ақпараттың дұрыстығына (нақтылығына) растайды және кепілдік береді, ұсынылған ақпаратқа жауапты болады және жосықсыз өнім берушілердің тізбесіне қосу шарттарымен, сондай-ақ жеткізудің ұзақ мерзімді шартының талаптарымен танысты.

Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының басшысының
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қолы, мөрі (бар болса)

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің

2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
17-қосымша
Нысан

Ақпарат (өндіріс циклы бойынша дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесі)

р/ с №	Дәрілік заттың, медициналық мақсаттағы бұйымның атауы	Толықтай Қазақстанда шығарылатын дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың өндірісі	Жеткілікті өңдеу критерийлеріне сәйкес дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға өзіне тән қасиеттерін беру үшін субстанцияларды/шикізатты өңдеу жолымен дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар өндірісі	Қайта қапталған өнімді/қапталған дайын өнімді, "in-bulk"-ты қоса алғанда, өндіру
--------------	---	---	---	--

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
18-қосымша
Нысан

(Кімге) _____

— (Бірыңғай дистрибьютордың атауы)
(Кімнен) _____

— (әлеуетті өнім берушінің атауы)

Медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу конкурсына қатысуға өтінім

Конкурсқа қатысуға үміткер заңды тұлға
(әлеуетті өнім беруші) туралы мәліметтер:

Заңды тұлғаның - әлеуетті өнім берушінің толық атауы (мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес)	
Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі мен күні	
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)	
Әлеуетті өнім берушінің заңды, пошталық мекенжайы және электрондық поштасының мекенжайы, байланыс телефондары	
Заңды тұлғаның банктік деректемелері (банктің немесе оның филиалының толық атауын қоса алғанда)	
Заңды тұлғаның бірінші басшысының Т.А.Ә.	

1. _____ осы медициналық техниканы (заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі) ұзақ мерзімді жеткізу

шартын жасасу конкурсына қатысуға өтініммен (бұдан әрі - өтінім) лоттары бойынша медициналық техниканы жеткізуді жүзеге асыруды ұсынады. _____

(лот нөмірі, тауардың атауы)

2. _____ осы өтініммен медициналық (занды тұлғаның толық атауы көрсетіледі) техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу конкурсына әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға тілек білдіреді және медициналық техниканы осы Ереженің 19-тарауында көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес жеткізуге келісімін білдіреді.

3. Әлеуетті өнім беруші осы Қағидалардың 19-тарауында көзделген талаптармен және шарттармен танысқанын және конкурстық комиссияға өзінің құзыреттілігі, біліктілігі, медициналық техниканы жеткізу сапасы және өзге де сипаттамалары туралы жалған мәлімет бергені үшін жауапкершілік, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа шектеулер туралы хабардар екенін растайды.

Әлеуетті өнім беруші медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу конкурсына қатысуға берген өтінімінде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай жалған мәліметтерді бергені үшін жауапкершілікті толық қабылдайды.

4. Қоса берілетін құжаттардың тізбесі.

Р/с №	Құжаттың атауы	Парақтар саны
1.		
2.		

5. Осы өтінім ____ күннің ішінде әрекет етеді.

6. Медициналық техниканы ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасу кезіне дейін осы өтінім біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқарады.

Қолы, күні лауазым, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөрі (бар болса)

Конкурстық өтінімге _____
(әлеуетті өнім берушінің атауы)

атынан және оның тапсырмасымен қол қоюға барлық өкілеттігі бар.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
19-қосымша
Нысан

Медициналық техниканы берудің № _____ ұзақ мерзімді үлгі шарты

Астана қаласы 20__ ж. " ____ " _____

Бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталатын "СҚ-Фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Бірыңғай дистрибьютор) атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы бір тараптан және бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын _____ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор екінші тараптан бұдан әрі бірлесіп "Тараптар", ал жеке-жеке "Тарап" деп аталып,

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 7-бабы 1-тармағының 20), 50), 68) тармақшаларына, 76-бабының 2-тармағына және 77-бабына және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан республикасының Заңына сәйкес жыл сайын медициналық техниканы сатып алудың шекті бағаларын белгілей отырып, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін (бұдан әрі - ТМККК) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету үшін сатып алынатын медициналық техниканың бағасын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратынын, Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын медициналық техника тізімін айқындайтын және бекітетінін ескере отырып, және:

Кодекстің 77-бабының 1-тармағын;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген ТМККК және МӘМС көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесінің (бұдан әрі - Ереже) 7-тармағының б) тармақшасын басшылыққа ала отырып;

мыналардың:

медициналық техниканы жеткізуге ұзақ мерзімді шарттар жасау конкурсы қорытындыларының _____ жылғы № _____ хаттамасының негізінде:

төмендегілер туралы осы _____ жылғы Медициналық техниканы жеткізудің № _____ ұзақ мерзімді шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасуға уағдаласты:

1-тарау. Шартта қолданылатын терминдер

1. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдардың мынадай түсініктері болады:

1) Шарт - Өнім беруші мен Сатып алушы арасында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жазбаша нысаны сақтала отырып жасалған, Тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен, сондай-ақ Шартта сілтемесі бар барлық құжаттамамен қоса қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

2) Шарт сомасы - Шарт талаптарына сәйкес Сатып алушы Өнім берушіге төлейтін сома;

3) тауарлар - Шарт талаптарына сәйкес Өнім беруші Сатып алушыға жеткізетін медициналық техника және қосалқы көрсетілетін қызметтер;

4) қосалқы көрсетілетін қызметтер - тауарларды жеткізуді қамтамасыз ететін, мысалы, тасымалдау және сақтандыру сияқты қызметтер және мысалы, монтаждауды, іске қосуды, техникалық жәрдемдесуді, оқытуды және осы Шартта көзделген Өнім берушінің міндеттемелерінің басқа ұқсас түрлерін қамтитын кез келген басқа қосалқы қызметтер;

5) тапсырыс берушілер – денсаулық сақтаудың бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері, мемлекеттік мекемелер, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі – қор), сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, елу және одан да көп дауыс беру акциялары (үлестері) мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар.

2-тарау. Шарттың мәні

2. Өнім беруші Шартқа қосымшаларға сәйкес тауарды жеткізуге міндеттенеді

Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда жазылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) Шартқа медициналық техниканы жеткізу туралы қосымша келісімдер;

3) сатып алынатын тауарлардың тізбесі (осы Шартқа 1-қосымша);

4) сатып алынатын тауарлардың жинақтаушы (осы Шартқа 2-қосымша);

5) сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі (осы Шартқа 3-қосымша);

6) монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары (қызметкерлерді оқыту) жөніндегі акт (осы Шартқа 4-қосымша).

Өнім беруші осы Шартқа қосымшаларға сәйкес тауарды жеткізуге міндеттенеді.

Сатып алушы үшін тауарды сатып алу жөніндегі міндеттемелер осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын медициналық техниканы жеткізу жөніндегі тиісті қаржы жылына арналған қосымша келісіммен ресімделетін әр келесі күнтізбелік жылға Тапсырыс берушілердің өтініштері түскеннен кейін мынадай:

1) бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың тізіміне медициналық техника қосылған;

2) Тапсырыс берушілер жеткізетін медициналық техниканың көлемін айқындаған;

3) әлеуетті өнім берушіге, сондай-ақ осы Шарттың талаптарында белгіленген медициналық техникаға қойылатын талаптарға сәйкестігі расталған жағдайда осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын әрбір алдыңғы күнтізбелік жылға Тапсырыс берушіден өтінімдер түскеннен кейін басталады.

Тараптар осы Шартты жасау және орындау үшін барлық өкілеттіктері бар екенін, үшінші тараптардың талаптарымен ауыртпалық салынбағанын және келешекте үшінші тараптардан шағым болған жағдайда, оларды дербес реттейтінін мәлімдейді және кепілдік береді.

3-тарау. Тараптардың тауар жеткізу жөніндегі міндеттемелері

3. Тауар Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынуға тиіс медициналық техника тізіміне енгізілген, Тапсырыс берушілер тауарды жеткізу санын анықтаған, сондай-ақ әлеуетті өнім берушіге, сондай-ақ медициналық техникаға қойылатын Ережеде белгіленген талаптарға сәйкестігі расталған жағдайда, Сатып алушы жыл сайын тапсырыс берушілерден өтінімдер алған және ағымдағы күнтізбелік жылға арналған жалпы қажеттілік қалыптастырылған, сондай-ақ ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде тапсырыс берушіден қосымша келісім алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, Сатып алушы өнім берушіге қосымша келісімді ұсынады, онда мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

1) медициналық техниканың атауы;

2) медициналық техниканың саны;

3) жиынтықтың бөліністегі құны көрсетілген медициналық техниканың жиынтығы;

4) жеткізу мерзімі;

5) сатып алынатын тауардың техникалық сипаттамалары;

6) төлем жүргізу тәртібі;

7) жеткізу орны.

Өнім беруші жыл сайын тиісті қаржы жылына арналған тауарды жеткізу туралы қосымша келісімге қол қоюға міндеттенеді. Өнім беруші қосымша келісімді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қоюға міндетті.

Әрбір қаржы жылына қосымша келісімге тараптар осы Шарттың талаптарында және оны орындау мақсатында қол қояды. Сатып алушының

талабы бойынша Қосымша келісімде Өнім берушінің қосымша келісімнің сомасынан кемінде бір пайыз мөлшерінде қосымша келісімді орындауды қамтамасыз етуді енгізуі бойынша міндеттеме көзделуі мүмкін.

Медициналық техниканы жеткізуді ұйымдастыруды Сатып алушы ұсынатын жазбаша өтінімнің негізінде Өнім беруші орындайды. Медициналық техниканың атауы, саны, жиынтығы, құны, ақы төлеу мерзімдері, жеткізу орны Қосымша келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өтінімдерге қол қою арқылы Тараптармен келісіледі.

Күнтізбелік жыл ішінде Сатып алушыға Тапсырыс берушілерден тауарды жеткізуге қосымша өтінімдер келіп түскен жағдайда, Өнім беруші қосымша жеткізуді Сатып алушыдан өтінімдер бойынша жүзеге асыратын болады, оларда мынадай ақпарат қамтылады:

- 1) медициналық техниканың атауы;
- 2) медициналық техниканың саны;
- 3) жиынтықтың бөліністегі құны көрсетілген медициналық техниканың жиынтығы;
- 4) жеткізу мерзімі;
- 5) сатып алынатын тауардың техникалық сипаттамалары;
- 6) төлем жүргізу тәртібі;
- 7) жеткізу орны.

Қазақстан Республикасының заңнамасында медициналық техникаға қойылатын талаптарға сәйкес Өнім беруші тауарды өндіру және жеткізу күніне тауарды өндіруге және жеткізуге міндеттенеді.

Тиісті қаржы жылына арналған тауар жеткізу туралы қосымша келісім маңызды талаптар (төлем тәртібі, қаптама және таңбалау, монтаж және іске қосу жұмыстары, өнімге берілетін кепілдік, жауапкершілік (айыппұл санкциялары) және өзге жағдайлар) ескеріле отырып жасалады.

Тауарды жеткізу соңғы межелі пунктке тасымалдау кезінде зақымданудан немесе бұзылудан қорғай алатын қаптамада жүзеге асырылады. Қаптаманың тасымалдау кезінде, сондай-ақ ашық жерде сақтау кезінде қарқынды көтеру-тасымалдауға және экстремалды температуралардың, тұз бен жауын-шашынның әсеріне қандай да бір шектеусіз төзімділік қабілеті болуы тиіс. Ыдыстың қаптамасы мен таңбасы, сондай-ақ ішіндегі және сыртындағы құжаттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған арнайы талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Өнім беруші Шарт шеңберінде берілген медициналық техника жаңа, қолданылмаған, ең жаңа немесе конструкциялар мен материалдардың ең соңғы модификацияларын көрсететін үлгі болып табылатынына кепілдік береді, бұл ретте Өнім беруші өндірілгеніне жеткізу сәтіне 24 (жиырма төрт) айдан аспаған

медициналық техниканы жеткізуге міндеттеме алады. Өнім беруші одан әрі осы Шарт бойынша берілген медициналық техника Сатып алушының елі үшін әдеттегі болып табылатын жағдайларда қалыпты қолданылса, оның конструкциясымен, материалдарымен және жұмысымен байланысты ақаулары болмайды деп кепілдік береді.

Кепілдік тауардың барлық партиясы берілгеннен және межелі пунктінде қабылданғаннан кейін 37 (отыз жеті) ай ішінде жарамды.

Кепілдік қызмет көрсету мерзімі ішінде жоспарлы сервистік қызмет көрсетуді Өнім берушінің білікті маманы жүзеге асырады.

Өнім беруші тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін күнтізбелік он күннің ішінде Сатып алушыға сервистік қызмет көрсетуге қажетті шығыс материалдары мен жұмыстардың атауы көрсетілген сервистік қызмет көрсету кестесін ұсынуға міндетті.

Сервистік қызмет көрсетуді жүргізу кестесіне сәйкес жүргізу нәтижесі бойынша Өнім беруші медициналық техниканы тексеру актісін жасайды.

Тексеру актісіне Сатып алушы мен Өнім берушінің уәкілетті өкілдері қол қояды және Өнім беруші тексеруді жүргізген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Сатып алушыға тексеру актісінің көшірмесін жібереді.

Медициналық техника бұзылған жағдайда, Сатып алушы Өнім берушіге жазбаша түрде хабарлайды.

Осындай хабарлама алғаннан кейін Өнім беруші хабарлама алған кезден бастап жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзім ішінде оның бұзылуының себептерін және болжамды жөндеу мерзімін анықтау үшін білікті маманның медициналық техника орналасқан жерге баруын қамтамасыз етеді. Жөндеуді жүргізу кезінде Өнім беруші тауар Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылғаны, сондай-ақ Тапсырыс беруші өз бетінше жөндегені анықталғаннан басқа жағдайларда, өндіруші зауытта жасалған қосалқы бөлшектер мен тораптарды пайдаланады немесе ақауы бар тауарды немесе оның бөлшектерін Сатып алушы тарапынан ешқандай шығын шығармай ауыстырады.

Шарт құжаттарына екі тарап та қол қойған жазбаша өзгерістерден басқа ешқандай ауытқулар немесе өзгерістер (сызбалар, жобалар немесе техникалық сипаттамалар, жүк түсіру, орау тәсілі, жеткізу орны немесе Сатып алушы көрсететін қызметтер және т.б.) енгізуге жол берілмейді.

Берілген тауардың саны мен сапасы бойынша ілеспе құжаттарға сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, бұл сәйкессіздіктер қабылдау-тапсыру актісінде көрсетіледі. Сатып алушы Өнім берушіге алынған тауардың сапасына байланысты барлық наразылықтарын жазбаша түрде, бірақ тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылғаннан кейін 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірмей жедел хабарлайды. Бұл ретте Өнім беруші 30 (отыз) жұмыс күні

ішінде Сатып алушының берілген тауарға қатысты барлық ескертулерін жоюға міндеттенді, олай болмаған жағдайда Сатып алушы Өнім берушінің әрекетін Тауарды уақтылы жеткізбеу ретінде бағалайтын болады.

Өнім беруші Сатып алушының хабарламасын алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей (егер хабарлама өзге мерзім көрсетілмесе) тауардың саны мен сапасын тексеруге қатысу үшін өз өкілін жібереді.

Жеткізілетін тауарды немесе оның бір бөлігін саны мен сапасын жақсарту, сондай-ақ осындай тауардың бағасын, көлемін және жеткізу мерзімін сақтау шартымен басқа тауар атауымен ауыстыруға жол беріледі.

4. Баға белгілеу

4. Тиісті қаржы жылына арналған Тауар жеткізу жөніндегі қосымша келісімде тауардың бағасы жыл сайын тауарға уәкілетті орган айқындайтын және бекітетін шекті бағадан аспайтындай етіп белгіленеді.

Өнім беруші конкурста ұсынатын _____ мөлшеріндегі баға жеңілдігі сатып алу жылына медициналық техника бағаларына қатысты мына формула бойынша қолданылады:

$$P - S = D$$

P - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен шекті баға;

S - баға жеңілдігі;

D - медициналық техниканың бағасы.

Өнім беруші Қосымша келісімге қол қойылғанға дейін Сатып алушыға негіздемені ұсына отырып, тауар жеткізуден бас тартуға құқылы, бірақ екі жыл қатарынан бас тартуға болмайды.

Тауар бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ Сатып алушыға тауарды жеткізумен және қосалқы қызметтер көрсетумен байланысты Өнім беруші шығыстарын қамтиды.

Осы Шарттың 4-бөліміне сәйкес тауарға бағасын анықтау бойынша барлық мәселелер Тараптар тиісті қаржы жылына арналған Тауар жеткізу жөніндегі қосымша келісім жасасқан кезде шешілді деп саналады.

5-тарау. Шарт мерзімі

5. Осы Шарт _____ жылғы _____ күшіне енеді және Шарт жасалған сәттен бастап _____ жыл қолданылады.

6. Тараптардың жауапкершілігі және шартты бұзу

6. Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Өнім беруші Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

Өнім беруші берілген тауардың жеткізу, алмастыру, сапасыз (ақауы бар) тауарды жою мерзімдері бұзылған, сондай-ақ кепілдікті қызмет уақтылы көрсетілмеген жағдайда Өнім беруші Сатып алушыға мерзімі өткен әр күн үшін мерзімінде жеткізілмеген тауар сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ мерзімінде жеткізілмеген тауар құнының не ол бойынша кепілдікті қызмет уақтылы көрсетілмеген тауар құнының 10%-дан артық емес өсімпұл төлейді. Өсімпұлды төлеу Өнім беруші Сатып алушыдан тиісті шотты алған кезден бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннің ішінде жүргізіледі.

Тауарды тұтастай немесе оның бір бөлігін жеткізуден бас тартқан жағдайда, Өнім беруші Сатып алушыға жеткізілмеген тауар құнының 10%-ы мөлшерінде біржолғы айыппұл төлеуге міндетті. Біржолғы айыппұл төлеуге шотты тауарды жеткізудің соңғы күнінен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде тауарды жеткізу орындалмаған кезде Сатып алушы береді.

Сатып алушы Өнім берушіге өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу үшін берген шот берілген тауарға төлем жасау бойынша және өсімпұлды және/немесе айыппұлды төлеу бойынша біртектес екіжақты талаптарды есептеуді жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін.

Сатып алушы өсімпұл және/немесе айыппұл сомалары бойынша Өнім берушінің міндеттемелерін өтеу есебінен қосымша келісімді орындауды қамтамасыз ету сомасын ұстап қалуға құқылы.

Өсімпұл немесе айыппұл төлеу тараптарды осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

Өнім беруші ақаулы тауар партиясын ауыстыру және/немесе толшықтай алу (қайтару) жөніндегі міндеттемелерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Сатып алушыға барлық сапасыз (бұзылған және/немесе ақауы бар) тауарды ауыстыру және немесе толықтай алу (қайтару) жөніндегі міндеттемелерін бұзған әр күн үшін осы Шарт бойынша ауыстыруға, алынуға (қайтаруға) жататын тауар бағасының 1 %-ы мөлшерінде өсімпұл төлейді.

Шарт Тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда немесе бойынша Тараптардың бірінің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен тұтастай немесе ішінара (медициналық техниканың жекелеген атаулары бойынша шарттық міндеттемелерді бұзу) бұзылуы мүмкін.

Мыналар:

- 1) осы Шартта көзделген міндеттемелерді бірнеше рет бұзылуы;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген лицензияланатын қызметті орындауға лицензияның қайтарып алынуы;
- 3) қатарынан екі жыл тауар жеткізуден (себебі мен жағдайларына қарамастан) бас тарту;
- 4) Өнім берушінің жосықсыз өнім берушілердің тізбесіне және/немесе мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізіліміне енгізілу жағдайлары;
- 5) сапасыз тауар жеткізу жағдайлары жағдайлары Сатып алушының бастамасы бойынша осы Шартты бұзу үшін негіз болып табылады.

Берілген тауар үшін төлемді негізсіз кешіктіру осы Шартты Өнім берушінің бастамасымен бұзуға негіз болып табылады.

Шарт бұзылған жағдайда, оны бұзуға бастама жасаған Тарап екінші Тарапқа Шартты бұзу туралы хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзу себебі көрсетіліп, күші жойылатын шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні көрсетіледі.

Егер Өнім беруші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болып қалса, Сатып алушы Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, кез келген уақытта Шартты бұза алады. Бұл жағдайда бұзу бірден жүзеге асырылады және Шарттың бұзылуы Тапсырыс берушіге зиян келтірмесе немесе Тапсырыс берушінің әрекет етуге немесе осының салдарынан болған немесе болуы мүмкін санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтары бұзылмаса, Сатып алушының Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемесі болмайды.

7. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор)

7. Егер Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толықтай орындамауы еңсерілмейтін күш жағдайларының, атап айтқанда: топан су, жер сілкінісі, әскери іс-қимылдар, блокадалар, сондай-ақ Өнім берушіге, Сатып алушыға қатысты міндеттемелерін орындауына тыйым салатын не қандай да бір себептерден жұмыстың орындалуына кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің немесе нормативтік актілерінің шығарылуы салдарынан болса, олар жауапкершіліктен босатылады.

Еңсерілмейтін күш жағдайлары үш айдан асатын жағдайларды қоспағанда, мұндай жағдайлар осы Шарттың қолданысын тоқтатуға негіз бола алмайды. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайлары ықпал еткен, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған жағдайлар пайда болған уақытқа дейін шегеріледі. Еңсерілмейтін күш жағдайларының қолданылуы тоқтағаннан кейін екі тарап та Шартты орындауды қайта бастайды.

Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде Тараптардың кез келгені олар орын алған күннен бастап күнтізбелік бес күннің ішінде екінші Тарапты жазбаша түрде осындай жағдайлардың орын алуы жөнінде хабардар етеді. Осы жағдайларды тиісті уәкілетті мемлекеттік орган растайды.

Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайларға сүйену құқығынан айырады.

8. Дауларды шешу тәртібі

8. Тараптар арасында осы Шарттан немесе оған байланысты туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

Тараптар арасындағы дауларды (және) немесе келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, мұндай дау және (немесе) келіспеушілік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сатып алушының орналасқан жері бойынша түпкілікті реттелуге тиіс.

Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

9. Хат-хабар

9. Кез келген хабарламалар немесе хабарландырулар жазбаша түрде ұсынылады және тапсырыс хатпен не курьер қызметінің көмегімен жіберіледі. Хабарлама жедел болған жағдайда көрсетілген хат-хабар факспен, электрондық поштаның көмегімен немесе оның жеткізілуін тіркеуді, оны тапсырыс хатпен немесе курьер қызметінің көмегімен міндетті түрде жіберілуін көздейтін өзге телекоммуникациялық байланыс құралдарымен берілуі мүмкін.

Осы Шарт бойынша хат-хабар Тараптарға немесе олардың заңды өкілдеріне осы Шартта көрсетілген деректемелер бойынша жіберілуге тиіс.

Шарт бойынша Тараптардан талап етілетін немесе талап етілуі мүмкін кез келген хабарламалар немесе хабарлар жазбаша түрде ұсынылады және тапсырыс хатпен немесе курьер қызметінің көмегімен жіберіледі. көрсетілген хат-хабар Шарттың 11-тарауында көрсетілген Тараптардың электрондық поштасына сканирлеген түрінде берілуі де мүмкін, мұндай жағдайда хат-хабар Тарапқа тиісті түрде жеткізілді деп есептеледі. Хат-хабар Шарттың 11-тарауында көрсетілген деректемелер бойынша Тараптарға жіберілуі тиіс.

Тапсырыс хатпен немесе курьер қызметінің көмегімен жіберілген хат-хабар екінші Тарапта пошта бөлімшесінің немесе курьер қызметінің оны жеткізгенін растайтын мөртабаны бар хабарламасы болса, хат-хабар жіберілген Тарап оны

алған күні (сағатта) берілген болып саналады. Электрондық пошта арқылы жіберілген хат-хабар Тарапқа оның берілген күнінде (сағатта) ол жіберілген мекенжайға берілген болып саналады

10-тарау. Өзге де жағдайлар

10. Егер Өнім беруші банкрот болса немесе төлеу қабілеті жоқ болса Сатып алушының Шартты бұзуға құқығы бар. Бұл жағдайда Тараптардың міндеттемелерін орындауын тоқтату тездетіп жүзеге асырылады және Сатып алушы Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемеге жауапты болмайды.

Сатып алушы осы Шартты бұзу себептерін, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемін, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне ену күнін көрсете отырып, болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушіге алдын ала тиісті жазбаша хабарламаны жіберіп, Шартты бұзуға құқығы бар.

Сатып алушы Шарттың 10-тарауының 10-тармағының 1-абзацының талаптарын сақтаған кезде Өнім беруші Шартты бұзуға, оны бұзу күніне байланысты тек нақты шығыстарды ғана талап етуге құқығы бар.

Шартқа қол қойылғаннан кейін барлық құжаттардың, хат-хабарлардың, ауызша және жазбаша түрдегі осы Шарттың мәні туралы келіссөздердің күші жойылады.

Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулардың күші болады, егер олар жазбаша нысанда осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісім ретінде жасалса, Тараптардың осыған уәкілетті өкілдері қол қойса және Тараптардың мөрімен расталса.

Тараптар басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз өзінің Шарт бойынша міндеттемелерін осындай Тараптың заңды құқықты қабылдаушыларын қоспағанда үшінші адамға беруге құқығы жоқ.

Қандайда бір Тарап атауын, заңды мекенжайын және басқа да деректемелерін өзгерткен жағдайда ол осындай өзгеріс болған сәттен бастап бес жұмыс күнінің ішінде бұл туралы басқа Тарапқа жазбаша хабарлайды.

Шартпен реттелмеген Тараптардың өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде, Сатып алушы мен Өнім берушіге бір бірден екі данада жасалды. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі Шарттың мәтіндерінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі Шарттың мәтініне басымдылық беріледі.

**11-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары,
Банктік деректемелері және қолдары**

Сатып алушы _____ Өнім беруші _____

Мөр (бар болса) Мөр (бар болса)

20 __ ж. " __ " _____
№ _____ Медициналық
техниканы жеткізу үшін ұзақ
мерзімді шартқа
1-қосымша

Сатып алынатын тауарлардың тізбесі

Р/с №	Медициналық техниканың атауы	Моделі	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Тауарларды жеткізу кезеңі (жыл)
1	2	3	4	5	6

Сатып алушы Өнім беруші

20 __ ж. " __ " _____
№ _____ Медициналық
техниканы жеткізу үшін ұзақ
мерзімді шартқа
2-қосымша

Сатып алынатын тауардың жиынтығы

Р/с №	Медициналық техниканың атауы	Жиынтығы	Құны
-------	------------------------------	----------	------

Сатып алушы: Өнім беруші:

20 __ ж. " __ " _____
№ _____ Медициналық
техниканы жеткізу үшін ұзақ
мерзімді шартқа

Техникалық ерекшелік

Тауардың атауы

Тіркелген атауы: _____

Сатып алынатын модель: _____

Өндіруші: _____

Тіркеу нөмірі: _____

Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі: _____

Егжей-тегжейлі техникалық сипаттамасы _____

Тауарлар жаңа әрі бұрын қолданылмаған түрде жеткізіледі. Тауардың әр жиынтығы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі аудармасы бар техникалық және пайдалану құжаттамасымен жабдықталады. Тауарды әкелу және сату Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Жеткізу жиынтығы тауарлардың және барлық жиынтығының нақты техникалық сипаттамалары көрсетіліп және осы кестенің әрбір тармағына жекелеп (жиынтығы немесе жабдық бірлігі) сипатталады. Егер техникалық ерекшелікте өзгеше көрсетілмесе, электр қуаты ешқандай қосымша жалғастыру тетігінсіз немесе трансформаторсыз 220В болуы тиіс. Аспаптармен бірге берілген бағдарламалық жасақтама түпкі алушының орнатылған жабдығының бағдарламалық жасақтамасына сәйкес болуы тиіс. Өнім беруші тауарды жеткізу рәсімін аталған тауармен жұмыс істеу үшін персоналды оқытуға құжатпен расталған білікті мамандардың қолдауын, тауарды орнатуды, жөндеуді және іске қосуды қамтамасыз етеді. Тауарды жеткізуді жүзеге асыру кезінде Өнім беруші тапсырыс берушіге тауардың бағдарламалық жасақтамасына қол жеткізу үшін барлық сервис-кодтарды береді. Кепілдікті сервистік және техникалық қызмет көрсету және жөндеу мерзімі түпкі алушыға ресми хабарланған сәтінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде істен шыққан жабдыққа жөндеу жүргізу немесе оны ауыстыра отырып, жабдықты пайдалануға беру сәтінен бастап кемінде 37 (отыз жеті) айды құрайды. Қызмет көрсетудің кепілдікті мерзімі ішінде сервистік қызмет көрсетуді Өнім берушінің білікті маманы тоқсанына кемінде 1 рет жүзеге асырады. Техникалық ерекшелікке техникалық және пайдалану сипаттамаларын, сондай-ақ модельдер мен өндірушілерді көрсетуден басқа, жеткізілетін тауарлардың фотосуреттері де қоса беріледі. Өлшеу құралдарына жататын тауарлар Қазақстан Республикасының өлшем құралдарының тізіліміне енгізілуі тиіс. Жабдықты орнатуға дейін күнтізбелік 40 (қырық) күннен кешіктірмей Өнім беруші түпкі алушыны жабдықты сәтті іске қосу үшін қажетті орнату алдындағы талаптар туралы хабардар етеді. Үй-жайды сыртқы пішіні бойынша есіктердің стандартты ойығынан өтетін (ені 80 см, биіктігі 200 см), инсталляциялық дайындаумен күрделі монтаждау жұмыстарын жүргізуді болжамайтын көлемді жабдық. Жұмыс орнына жеткізуді, жабдықты түсіруді, қаптамасын ашуды, орнатуды, аспаптарды жөндеуді және іске қосуды, олардың сипаттамасының осы құжатқа және фирманың ерекшелігіне сәйкестігін (дәлдігі, сезгіштігі, өнімділігі және т.б.) тексеруді, персоналды оқытуды Өнім беруші жүзеге асырады.

Сатып алушы: Өнім беруші:

20 __ ж. " __ " _____
№ _____ Медициналық
техниканы жеткізу үшін ұзақ
мерзімді шартқа
4-қосымша

**Монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары
(қызметкерлерді оқыту) бойынша қызмет көрсету актісі**

_____ 20_ жылғы " ____ " _____

(қызмет көрсету орны)

Р/с №	Медициналық техниканың атауы	Монтаждауды, іске қосу-баптау жұмыстарын жүзеге асыратын тұлғаның (тұлғалардың) Т.А.Ә.	Саны	Көрсетілген қызметтердің және жүргізілген жұмыстардың сипаттамасы

Сатып алушы: Өнім беруші:

Тапсырыс берушінің өкілі _____

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
20-қосымша

Медициналық техниканы берудің ұзақ мерзімді шартына

№ _____ қосымша үлгі келісімі сәйкес медициналық техниканы жеткізудің ұзақ мерзімді үлгі шартының нысаны

20__ ж. " ____ " _____ № _____

Астана қаласы 20__ жылғы " ____ " _____

Бұдан әрі "Сатып алушы" деп аталатын "СҚ-Фармация" ЖШС _____

_____ атынан _____

Жарғы негізінде әрекет ететін бір тараптан және бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын _____

_____ атынан _____ негізінде әрекет ететін екінші тараптан бұдан әрі бірлесіп "Тараптар", ал жеке-жеке "Тарап" деп аталып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережелерінің _____ тармағы негізінде төмендегілер туралы 201__ ж. " ____ " _____ № _____ Медициналық техниканы жеткізу ұзақ мерзімді шартқа № _____ қосымша үлгі келісімін (бұдан әрі - Қосымша келісім) жасасуға уағдаласты:

1-тарау. Шартта қолданылатын терминдер

1. Шартта төменде көрсетілген ұғымдардың мынадай түсініктері болады:

1) Шарт - 20____ ж. "____" _____ № _____ Медициналық техниканы жеткізу ұзақ мерзімді шарт;

2) Қосымша келісімнің бағасы - Қосымша келісімнің талаптарына сәйкес Сатып алушы Өнім берушіге төлейтін сома;

3) тауарлар - Қосымша келісімнің талаптарына сәйкес Өнім беруші Тапсырыс берушіге жеткізетін медициналық техника және қосалқы көрсетілетін қызметтер;

4) қосалқы көрсетілетін қызметтер - тауарларды жеткізуді қамтамасыз ететін, мысалы, тасымалдау және сақтандыру сияқты қызметтер және мысалы, монтаждауды, іске қосуды, техникалық жәрдемдесуді, оқытуды және Шартта және осы Қосымша келісімде көзделген Өнім берушінің міндеттемелерінің басқа ұқсас түрлерін қамтитын кез келген басқа қосалқы қызметтер;

5) жеткізу мезеті - Өнім беруші Тапсырыс берушіге жеткізу бекетінде келісілген мерзімде тауар беретін (тапсыратын) күні;

6) тапсырыс берушілер – денсаулық сақтаудың бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері, мемлекеттік мекемелер, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі – қор), сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, елу және одан да көп дауыс беру акциялары (үлестері) мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар.

2-тарау. Қосымша келісімнің мәні

2. Өнім беруші, осы Қосымша келісімге 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген әр атауы бойынша және жинақтаушы қимада сандағы, баға бойынша, мерзімдегі, жеткізу орнындағы және техникалық ерекшеліктегі тізімге сәйкес, тауарды өндіру және жеткізу күніне медициналық техникаға қойылатын, Қазақстан Республикасы заңнамалығының талаптарына сәйкес Тапсырушыға(ларға) сәйкес медициналық техниканы (бұдан әрі - Тауар) жеткізуге, ал сатып алушы Тауарды қабылдап төлеуге міндеттенеді.

3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда жазылған талаптар осы Қосымша келісімді құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Қосымша келісім;
- 2) сатып алынатын тауарлардың тізбесі (№ 1-қосымша);
- 3) сатып алынатын тауарлардың жинақтаушы (№ 2-қосымша);
- 4) техникалық ерекшелігі (№ 3-қосымша);
- 5) қабылдау-тапсыру актісі (№ 4-қосымша);
- 6) монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары (қызметкерлерді оқыту) жөніндегі акт (№ 5-қосымша);
- 7) сәйкессіздік туралы акт (№ 6-қосымша);

8) Қосымша келісімнің орындалуын қамтамасыз ету.

3-тарау. Бағасы және төлем тәртібі

4. Осы Қосымша келісімнің бағасы _____ теңге ____ тиынды құрайды,

(сома жазбаша түрде)

соның ішінде ҚҚС.

5. Тауар бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, алымдарды және басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ Сатып алушыға тауарды жеткізумен және қосалқы қызметтер көрсетумен байланысты Өнім беруші шығыстарын қамтиды.

6. Қосымша келісімнің бағасы және Тауар бірлігінің бағасы тиянақталған болып қалады және Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін көтеру жағына өзгертілмейді.

7. Тараптардың келісімі бойынша Қосымша келісімнің бағасы және Тауар бірлігінің бағасы азаю жағына өзгеруі мүмкін.

8. Қосымша келісім бойынша берілген Тауар үшін теңгемен төленеді. Төлем түрі - банк шотына аудары.

9. Төлеу мерзімдері:

1) Қосымша келісімнің бағасынан 30% мөлшердегі алғытөлем - Өнім беруші мына құжаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалықтың белгіленген талаптарына сәйкес келсе, оларды қосымша тіркеп, хатты ұсыну күнінен 20 (жиырма) банк күні ішінде:

осы Қосымша келісім бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің түпнұсқасы;

медициналық техниканың тіркелуін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

жеткізілетін тауардың белгіленген шарттарға сәйкестігі жөнінде нотариалды куәландырылған сараптамалық қорытындының көшірмесі;

медициналық техника өлшем құралы болып табылмайтын ақпаратты растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе өлшем құралы типін бекіту туралы сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

2) Қосымша келісімнің бағасынан 70% мөлшердегі алғытөлем Сатып алушының, Тапсырыс берушінің және Өнім берушінің өкілдері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалықтың белгіленген талаптарына сәйкес келетін мына құжаттарды ұсынып, монтаждау және қосу-баптау жұмыстары бойынша актісіне (4 және 5-қосымшалар) қол қойған сәттен 10 (он) банк күні ішінде:

шот-фактураның түпнұсқасы;

тауарға шығыс жүкқұжаттың түпнұсқасы;

өлшем құралдардың бастапқы тексеруден өту және сынақ жабдықтарын куәландыру туралы тиісті сертификаттың немесе медициналық техника өлшем құралы болып табылса, өндіруші-зауыттың бастапқы тексеруін тану жөніндегі тиісті құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

техникалық және пайдалану құжаттаманы мемлекеттік және/немесе орыс тілге аудару;

Шарттың және осы Қосымша келісімнің талаптарына сәйкес басқа да құжаттар.

10. Осы Қосымша келісім шегінде жеткізілетін тауарлар техникалық ерекшелікке қатал түрде сәйкес болуға тиіс. Медициналық техника үшін Өнім берушінің кінәсінен алғытөлем мерзімі өткізілсе (құжаттарды мезгілсіз, сапасыз ұсыну) осы Қосымша келісімнің 1-қосымшасында көрсетілген жеткізу мерзімі созылмайды.

4-тарау. Тауардың қаптамасы және таңбалауы

11. Тауар соңғы пунктке тасымалдау уақытына олардың бұзылуына немесе бүлінуіне жол бермейтін қаптамада жеткізіледі. Қаптама қандай да болмасын шектеулерсіз қарқынды көтергіш-көлік өңдеуіне және тасымалдау кезіндегі өзгермелі температураның, тұз бен жауын-шашынның, сондай-ақ ашық сақтаудың әсеріне төзуге тиіс.

12. Қаптама және ыдыстарды таңбалау, сондай-ақ құжаттаманың іші және сырты Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамамен анықталған талаптарға сәйкес болуы тиіс.

13. Тауарды саны мен сапасы бойынша қабылдап алуды жеткізу сәтінде және орнында Тапсырыс берушінің, Сатып алушының және Өнім берушінің өкілдері жүргізеді, қабылдап алу нәтижелері тауарды қабылдау-тапсыру беру актісімен ресімделеді. Жеткізу кезінде Сатып алушы мен Өнім берушінің өкілдері тауарды қабылдауды дұрыс жүзеге асыру үшін сенімхаттың және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесінің болуын қамтамасыз етеді. Тауарды монтаждау мен іске қосу-баптау жұмыстары жөніндегі актісіне Тараптар қол қойған күні тауарды жеткізу күні болып саналады. Тауарды Өнім беруші тапсырып, Сатып алушы қабылдаған болып саналады:

1) саны бойынша: тауарды қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілгенге сәйкес (4-қосымша);

2) жиынтығы бойынша: сатып алынатын медициналық техниканың жиынтығына сәйкес (2-қосымша);

3) сапасы бойынша: техникалық ерекшелікте (3-қосымша) көрсетілген сапаға, ілеспе құжатта көрсетілген медициналық техниканың әрбір атауына өнімнің қауіпсіздігі мен сапасы жөніндегі қорытындының нөміріне және қолданылу мерзіміне сәйкес;

4) монтаждаудан мен іске қосу-баптау жұмыстарынан кейін монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарының актісіне (5-қосымша) сәйкес.

Өнім беруші медициналық техниканы жеткізуді осы Қосымша келісімде көзделген Сатып алушының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Медициналық техниканы межелі пунктіне дейін тасымалдауды Өнім беруші жүзеге асырады және оған ақы төлейді және ол осы Қосымша келісімнің бағасына кіреді.

14. Тауар үй-жайдың арнайы дайындығын талап еткен жағдайда, Өнім беруші Қосымша келісімге қол қойылған кезден бастап 10 күннің ішінде Тапсырыс берушіге үй-жайды дайындау және жағдайлар қажеттілігі туралы жазбаша хабарлайды.

15. Тапсырыс беруші жеткізу мерзімі басталғанға дейін күнтізбелік

15 күннен кешіктірмей Өнім берушіге үй-жай және жағдайлардың арнайы дайындығы жөнінде жазбаша хабарлайды.

16. Өнім беруші медициналық техниканы жеткізу процесін осы медициналық техникамен жұмыс істеу, монтаждау, орнату, баптау және іске қосу үшін қызметкерлерді оқытуға құжаттық растауы бар білікті мамандармен сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

17. Медициналық техниканы жеткізуді жүзеге асыру кезінде Өнім беруші қызмет көрсетудің кепілді мерзімі өткеннен кейін Тапсырыс берушіге медициналық техниканың бағдарламалық жасақтамасына қол жеткізу үшін барлық сервис-кодтарды береді.

18. Өнім беруші Шарт шеңберінде берілген медициналық техника жаңа, қолданылмаған, ең жаңа немесе конструкциялар мен материалдардың ең соңғы модификацияларын көрсететін үлгі болып табылатынына кепілдік береді, бұл ретте Өнім беруші өндірілгеніне жеткізу сәтіне 24 (жиырма төрт) айдан аспаған медициналық техниканы жеткізуге міндеттеме алады. Өнім беруші одан әрі осы Қосымша келісім бойынша берілген медициналық техника Сатып алушының елі үшін әдеттегі болып табылатын жағдайларда қалыпты қолданылса, оның конструкциясымен, материалдарымен және жұмысымен байланысты ақаулары болмайды деп кепілдік береді.

Кепілдік медициналық техниканы орнатқаннан кейін 37 (отыз жеті) айдың ішінде жарамды.

Кепілдік қызмет көрсету мерзімі ішінде жоспарлы сервистік қызмет көрсетуді Өнім беруші жүзеге асырады.

Өнім беруші тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен күнтізбелік он күннің ішінде Тапсырыс берушіге сервистік қызмет көрсетуге қажетті шығыс материалдары мен жұмыстардың атауы көрсетілген сервистік қызмет көрсету кестесін ұсынады.

19. Сервистік қызмет көрсетудің нәтижесі бойынша Өнім беруші, Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің уәкілетті өкілдері қол қоятын медициналық техниканы тексеру актісін жасайды. Өнім беруші Тапсырыс берушіге тексеруді жүргізген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге тексеру актісінің көшірмесін жібереді.

Медициналық техника бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша түрде хабарлайды.

20. Өнім беруші хабарлама алған кезден бастап 72 (жетпіс екі) сағаттан аспайтын мерзім ішінде оның бұзылуының себептерін және болжамды жөндеу мерзімін анықтау үшін білікті маманның медициналық техника орналасқан жерге баруын қамтамасыз етеді. Жөндеуді жүргізу кезінде Өнім беруші тауар Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылғаны, сондай-ақ Тапсырыс беруші өз бетінше жөндегені анықталғаннан басқа жағдайларда, өндіруші зауытта жасалған қосалқы бөлшектер мен тораптарды пайдаланады немесе ақауы бар тауарды немесе оның бөлшектерін Сатып алушы тарапынан ешқандай шығын шығармай ауыстырады.

21. Шарт және осы Қосымша келісімнің құжаттарына кез келген өзгерістер Тараптардың жазбаша келісімі бойынша енгізіледі.

22. Берілген тауардың саны мен сапасы бойынша ілеспе құжаттарға сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, бұл сәйкессіздіктер қабылдау-тапсыру актісінде көрсетіледі. Сатып алушы Өнім берушіге алынған тауардың сапасы және санына байланысты наразылықтарын жазбаша түрде, қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірмей жедел хабарлайды. Бұл ретте Өнім беруші 30 (отыз) жұмыс күні ішінде тауардың барлық ақауларын жоюға міндеттенеді. Ақауларды жоймау, немесе уақтылы жоймау Өнім берушінің әрекетін тауарды жеткізбеу, немесе уақтылы жеткізбеу ретінде бағалайтын болады.

23. Өнім беруші Сатып алушының хабарламасын алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей (егер хабарламада өзге мерзім көрсетілмесе), тауардың саны мен сапасын тексеруге қатысу үшін өз өкілін жібереді.

24. Жеткізілетін тауарды немесе оның бір бөлігін саны мен сапасын жақсарту , сондай-ақ осындай тауардың бағасын, көлемін және жеткізу мерзімін сақтау шартымен басқа тауар атауымен ауыстыруға жол беріледі.

5-тарау. Ерекше жағдайлар

25. Тауар(лар)дың сапасын және жеткізу мерзімдерін қамтамасыз ету мақсатында, Өнім беруші осы Қосымша келісімге қол қойылған күннен 10 (он) жұмыс күні ішінде, Қосымша келісімнің 3-тармағымен белгіленген Қосымша келісімнің бағасынан Сатып алушыға 1% (бір пайыз) мөлшерінде кепілдікті қамтамасыз етеді.

26. Өнім беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғанға дейін Сатып алушыға айына бір рет Қосымша келісімнің барлық орындалу сатылары туралы ақпаратты (өндіріс, сақтау, тиеу) ұсынуға міндеттенеді.

27. Тауар жеткізілуі басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын Өнім беруші Тапсырыс берушіге және Сатып алушыға мыналарды көрсетіп алдағы жеткізу туралы ақпаратты факс немесе телекс бойынша жазбаша түрде хабарлауға міндетті:

Қосымша келісімнің нөмірлері және күндері;
жеткізілетін Тауардың аталуы;
Тауардың бағасы.

28. Өнім беруші Тауар(лар)ды осы Қосымша келісімнің 1-қосымшасында көрсетілген межелі пунктке(терге) дейін жеткізу тиіс.

29. Тауарды межелі пунктке дейін Өнім беруші тасымалдап төлейді, ал осыған байланысты шығындар Қосымша келісімнің бағасына кіреді.

30. Ілеспе қызметтердің бағалары Қосымша келісімнің бағасына кіреді.

31. Тапсырыс беруші Өнім берушіден Өнім беруші дайындайтын немесе сататын қосалқы бөлшектер туралы ақпаратты ұсынуды, атап айтқанда Тапсырыс беруші Өнім берушіден сатып алу үшін тандап алатын және кепілдік берілген мерзімнен кейін оларды пайдаланатын қосалқы бөлшектердің құны және номенклатурасын талап етуі мүмкін.

32. Өндіруші оларға қосалқы бөлшектерді қандай да бір себептермен шығаруды тоқтатқан жағдайда Тапсырыс берушіні оған қажетті санда қажетті сатып алуды жүргізе алуына мүмкіндік беру үшін өндірістің алдағы уақыттағы тоқтауы туралы жазбаша хабарлауы тиіс.

33. Медициналық техника бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша түрде хабарлайды.

34. Осындай хабарлама алғаннан кейін Өнім беруші хабарлама алған кезден бастап 72 (жетпіс екі) сағаттан аспайтын мерзім ішінде оның бұзылуының себептерін және болжамды жөндеу мерзімін анықтау үшін білікті маманның МТ орналасқан жерге баруын қамтамасыз етуі тиіс. Жөндеуді жүргізу кезінде Өнім беруші тауар Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылғаны, сондай-ақ Тапсырыс беруші өз бетінше жөндегені анықталғаннан басқа жағдайларда, өндіруші

зауытта жасалған қосалқы бөлшектер мен тораптарды пайдаланады немесе ақауы бар тауарды немесе оның бөлшектерін Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай шығын шығармай ауыстырады.

35. Жөндеу мерзімі күнтізбелік 20 (жиырма) күннен артық болған жағдайда, Өнім беруші жөнделген тауарды (жинақтаушы, торап) қайтарғанға дейін денсаулық сақтау ұйымына жасап тұрған ұқсас тауарды (жинақтаушы, торап) жөндеу жүру мерзіміне ұсынуға міндетті.

36. Өнім беруші жасап тұрған ұқсас тауарды (жинақтаушы, торап) ұсынбаған жағдайда Өнім беруші медициналық техниканы жөндеу кезеңінде кепілдік берілген сервистік қызмет көрсету мерзімін ұзартуға міндеттенеді.

37. Шарт және/немесе Қосымша келісім құжаттарына екі тарап та қол қойып, медициналық техниканы қабылдайтын денсаулық сақтау ұйымдарымен келісілген жазбаша өзгерістерден басқа, ешқандай ауытқулар немесе өзгерістер (сызбалар, жобалар немесе техникалық ерекшеліктер, жүк түсіру, орау тәсілі, жеткізу орны немесе Өнім беруші көрсететін қызметтер және т.б.) енгізуге жол берілмейді.

38. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Қосымша келісім бойынша МТ кез келген бөлігін беру үшін қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, Қосымша келісімнің бағасы немесе жеткізу кестесі, немесе сол немесе өзгелері тиісті түрде түзетіледі, ал Қосымша келісімге тиісті түзетулер енгізіледі. Осы бап шеңберінде Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сауалдарды Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде көрсетілуге тиіс.

39. Өнім беруші тарапынан өнім беруді орындауды кешіктіру шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап қалуға және тұрақсыздық айыппұлын төлеуге әкем соқтырады.

40. Тауарды қабылдағаннан және Тараптар қабылдау-тапсыру актісіне қолдарын қойғаннан кейін ақауларды тапқан жөнінде Тапсырыс беруші Өнім берушіге 3 жұмыс күннің ішінде жазбаша хабарлама жіберіп, Өнім берушінің өкілдеріне Тауар сақталатын жерге кедергісіз кіруін қамтамасыз етуі тиіс.

41. Тауардың ақауы расталған жағдайда, Өнім беруші Тауардың сапасы және басқа да техникалық сипаттамаларының нашарлауына апармайтын бұзылған және/немесе ақаулы Тауарды тегін ауыстыруға міндетті. Ақаулы Тауарды Өнім беруші ақау табылған күннен күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей қайтарады.

42. Өнім беруші Тараптар растаған Тауардың ақауларын күнтізбелік 15 күннің ішінде жоюды міндеттенеді. Осы міндеттеме сақталмаса, Сатып алушыда Өнім берушінің Тауарды уақтылы жеткізілмеген әрекеттерін бағалауға себеп тудырады.

6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі және Шартты бұзу

43. Шарт және осы Қосымша келісім бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда Сатып алушы Тапсырыс берушінің алдында жауапты болмайды.

Тараптар Сатып алу затын пайдалануға енгізуді дұрыс көрсеткен сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағаттың ішінде қабылдау-беру актісіне қол қоюға немесе қол қоюдан жазбаша уәждеделген бас тартуды ұсынуға міндетті. Тараптардың бірі беру-қабылдау актісіне уәждеделген қол қоймауы бұл актіге қол қою бойынша кедергілерді тездетіп жоюға әкеледі. Беру-қабылдау актісіне қол қоюды бұзғаны және/немесе қол қоюдан уәждеделген бас тартқаны үшін Тапсырыс беруші Сатып алушыға Шарттың 53-пармағына сәйкес тұрақсыздық үшін төлейді.

Егер Шартты орындау кезеңінде кез келген уақытта Өнім беруші тауарды уақтылы жеткізуге кедергі келтіретін жағдайларға тап болғанда Сатып алушыға тездетіп электрондық пошта арқылы кідіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы жазбаша хабарламаны (көшірмесін Тапсырыс берушіге) міндетті түрде жібереді.

44. Өнім беруші берілген тауардың жеткізу, алмастыру, сапасыз (ақауы бар) тауарды жою мерзімдері бұзылған, сондай-ақ кепілдікті қызмет уақтылы көрсетілмеген жағдайда Өнім беруші Сатып алушыға мерзімі өткен әр күн үшін мерзімінде жеткізілмеген тауар сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ мерзімінде жеткізілмеген тауар құнының не ол бойынша кепілдікті қызмет уақтылы көрсетілмеген тауар құнының 10%-дан артық емес өсімпұл төлейді. Өсімпұлды төлеу Өнім беруші Сатып алушыдан тиісті шотты алған кезден бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннің ішінде жүргізіледі.

45. Тауарды тұтастай немесе оның бір бөлігін жеткізуден бас тартқан жағдайда, Өнім беруші Сатып алушыға жеткізілмеген (толығымен жеткізілмеген) тауар құнының 10%-ы мөлшерінде біржолғы айыппұл төлеуге және аванстық төлемді қайтаруға міндетті.

Тауар Тапсырыс берушінің аумағында болған жағдайда соңғысы тауардың сақталуына жауапты болады, сондай-ақ сақтау мен күзету бойынша шығыстарды төлейді.

46. Сатып алушы Өнім берушіге өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу үшін берген шот тауарға төлем жасау бойынша және өсімпұлды және/немесе

айыппұлды төлеу бойынша қарсы біртектес біржақты талаптарды есептеуді жүргізу мәніне өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін.

Сатып алушы өсімпұл және/немесе айыппұл сомалары бойынша Өнім берушінің міндеттемелерін өтеу есебінен Қосымша келісімді орындауды қамтамасыз ету сомасын ұстап қалуға құқылы.

Өсімпұл немесе айыппұл төлеу Тараптарды осы Шарт және Қосымша келісім бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

47. Өнім беруші ақаулы тауар партиясын ауыстыру және/немесе толықтай алу (қайтару) жөніндегі міндеттемелерін бұзған жағдайда, Сатып алушыға барлық сапасыз (бұзылған және/немесе ақауы бар) тауарды ауыстыру және немесе толықтай алу (қайтару) жөніндегі міндеттемелерін бұзған әрбір күн үшін ауыстыруға, алынуға (қайтаруға) жататын тауар бағасының 1%-ы мөлшерінде өсімпұл төлейді.

48. Шарт және/немесе Қосымша келісім Тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда немесе Тараптардың бірінің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен тұтастай немесе ішінара (медициналық техниканың жекелеген атаулары бойынша шарттық міндеттемелерді бұзу) бұзылуы мүмкін.

49. Мыналар:

1) Шартта және/немесе Қосымша келісімде көзделген міндеттемелерді Өнім берушімен бұзылуы;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген лицензияланатын қызметті орындауға лицензияның қайтарып алынуы;

3) қатарынан екі жыл тауар жеткізуден (себебі мен жағдайларына қарамастан) бас тарту;

4) Өнім берушінің жосықсыз өнім берушілердің тізбесіне және/немесе мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізіліміне енгізілу жағдайлары;

5) сапасыз тауар жеткізу жағдайлары;

6) Өнім беруші осы Қосымша келісімнің 25-тармағын бұзып, Қосымша келісімнің орындалуын қамтамасыз ету жағдайлары Сатып алушының бастамасы бойынша Шартты және осы Қосымша келісімді бұзу үшін негіз болып табылады.

50. Тауар үшін төлемді негізсіз кешіктіру Шартты және/немесе Қосымша келісімді Өнім берушінің бастамасымен бұзуға негіз болып табылады.

51. Шарт және/немесе Қосымша келісім бұзылған жағдайда, оны бұзуға бастама жасаған Тарап екінші Тарапқа Шартты және/немесе Қосымша келісімді бұзу туралы хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзу себебі көрсетіліп, күші жойылатын шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты және/немесе Қосымша келісімді бұзудың күшіне енетін күні көрсетіледі.

52. егер Өнім беруші банкрот немесе төлем қабілетсіз болса Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Сатып алушы кез келген уақытта Шартты және/немесе Қосымша келісімді бұза алады. Бұл жағдайда бұзу бірден жүзеге асырылады және Шарттың және/немесе Қосымша келісімнің бұзылуы Тапсырыс берушіге зиян келтірмесе немесе Тапсырыс берушінің әрекет етуге немесе осының салдарынан болған немесе болуы мүмкін санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтары бұзылмаса, Сатып алушының Өнім берушіге қатысты қаржылық міндеттемесі болмайды.

53. Осы Қосымша келісімнің шарттары бұзылған жағдайда Сатып алушы Қосымша келісімнің орындалуын қамтамасыз етуді ұстайды.

Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қою мерзімдері бұзылған кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір мерзімі өткен күн үшін тауардың жалпы бағасынан 0,1% мөлшерінде айыппұл төлейді.

7. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор)

54. Егер Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толықтай орындамауы еңсерілмейтін күш жағдайларының, атап айтқанда: топан су, жер сілкінісі, әскери іс-қимылдар, блокадалар, сондай-ақ Өнім берушіге, Сатып алушыға қатысты міндеттемелерін орындауына тыйым салатын не қандай да бір себептерден жұмыстың орындалуына кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің немесе нормативтік актілерінің шығарылуы салдарынан болса, олар жауапкершіліктен босатылады.

55. Еңсерілмейтін күш жағдайлары үш айдан асатын жағдайларды қоспағанда, мұндай мән-жайлар осы Шарттың қолданысын тоқтатуға негіз бола алмайды. Шарт және/немесе Қосымша келісім бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайлары ықпал еткен, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған жағдайлар пайда болған уақытқа дейін шегеріледі. Еңсерілмейтін күш жағдайларының қолданылуы тоқтағаннан кейін Тараптар да Шартты және/немесе Қосымша келісімді орындауды қайта бастайды.

56. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде Тараптардың кез келгені олар орын алған күннен бастап күнтізбелік бес күннің ішінде екінші Тарапты жазбаша түрде осындай жағдайлардың орын алуы жөнінде хабардар етеді. Осы жағдайларды тиісті уәкілетті мемлекеттік орган растайды.

57. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты Шарт және/немесе Қосымша келісім бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген жағдайларға сүйену құқығынан айырады.

58. Өнім беруші, егер Шартты және/немесе Қосымша келісімді орындауды кешіктіру форс-мажор жағдайларының нәтижесі болса, өзінің Қосымша келісімді

орындауды қамтамасыз етуден айырылмайды және Шарт және/немесе Қосымша келісімнің талаптарын орындамауына орай тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

8. Дауларды шешу тәртібі

59. Шарттан және/немесе Қосымша келісімнен, немесе соған байланысты Тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер жолымен шешіледі.

Дауды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда ол Сатып алушының орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен реттеледі.

Шарт және/немесе Қосымша келісімнің қолданысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

9. Хат-хабар

60. Кез келген хабарламалар немесе хабарландырулар жазбаша түрде ұсынылады және тапсырыс хатпен не курьер қызметінің көмегімен жіберіледі. Хабарлама жедел болған жағдайда хат-хабар факспен, электрондық поштаның көмегімен немесе оның жеткізілуін тіркеуді, оны тапсырыс хатпен немесе курьер қызметінің көмегімен міндетті түрде жіберілуін көздейтін өзге телекоммуникациялық байланыс құралдарымен берілуі мүмкін.

Хат-хабар Тараптарға немесе олардың заңды өкілдеріне осы Қосымша келісімде көрсетілген деректемелер бойынша жіберілуге тиіс.

61. Тапсырыс хатпен немесе курьер қызметімен жіберілген хат-хабар екінші Тарапта пошта бөлімшесінің немесе курьер қызметінің оны жеткізгенін растайтын мөртаңбасы бар хабарламасы болса, хат-хабар жіберілген Тарап оны алған күні (сағатта) берілген болып саналады. Факспен жіберілген, электрондық пошта көмегімен немесе оның жеткізілуін тіркеуді, оны тапсырыс хатпен немесе курьер қызметінің көмегімен міндетті түрде жіберілуін көздейтін өзге телекоммуникациялық байланыс құралдарымен жіберілген хат-хабар оны қабылдайтын факсимильді аппараттың, электрондық поштаның немесе басқа да телекоммуникациялық байланыс құралдарының жүйесінде алуы туралы жауап хабарламасымен растау болған кезде Шартта және Қосымша келісімде белгіленген талаптар сақталған жағдайда, хат-хабар жіберілген Тарапқа ол берілген күні (сағатта) берілген болып саналады.

10. Өзге де жағдайлар

62. Тараптардың екінші Тарапқа алдын ала жазбаша келісімінсіз осындай Тараптардың заңды құқық иеленушісін қоспағанда, үшінші тұлғаға Шарт және/ немесе Қосымша келісім бойынша өзінің міндеттемелерін беруге құқығы жоқ.

Кез келген Тараптың атауы, заңды мекенжайлары және басқа да деректемелері өзгерген жағдайда, ол осындай өзгерістер орын алған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде екінші Тарапты бұл туралы жазбаша хабардар етеді.

Тараптардың Шартпен және осы Қосымша келісіммен реттелмеген өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Қосымша келісім мемлекеттік және орыс тілдерінде Өнім берушіге және Сатып алушыға бір-бір данадан екі данада жасалды.

63. Қосымша келісім оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда күшіне енеді.

11-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

Сатып алушы:

Заңды мекенжайы:

БСН:

БСК:

ЖСК:

Лауазымы _____ Т.А.Ә.

Мөрі (бар болса)

Өнім беруші:

Заңды мекенжайы:

БСН:

БСК:

ЖСК:

Лауазымы _____ Т.А.Ә.

Мөрі (бар болса)

20__ жылғы "___" _____

№ _____ Медициналық

техниканы жеткізу ұзақ

мерзімді шартқа

20__ жылғы "___" _____

№ _____ Қосымша келісімге

№ 1-қосымша

Сатып алынатын тауарлар тізімі және бағасы

р/с №	Тауар атауы	С а т ы п алынатын модель	Тапсырыс беруші	Бағасы, теңге	Өлшем бірлігі	Саны, дана	Жеткізу мерзімі	Жеткізу күні	Жеткізу орны	Сомы, теңге
----------	----------------	---------------------------------	--------------------	------------------	------------------	---------------	--------------------	-----------------	-----------------	----------------

20__ жылғы "___" _____

№ _____ Медициналық

техниканы жеткізу ұзақ

мерзімді шартқа

20__ жылғы "___" _____

№ _____ Қосымша келісімге

№ 2-қосымша

Сатып алынатын тауардың жиынтықталуы

р/с					
-----	--	--	--	--	--

№	Медициналық техниканың атауы	жиынтықталуы	саны, дана	бағасы, теңге	барынша баға жеңілдігінің мөлшері
---	------------------------------	--------------	------------	---------------	-----------------------------------

20__ жылғы "___" _____

№ _____ Медициналық техниканы жеткізу ұзақ мерзімді шартқа

20__ жылғы "___" _____

№ _____ Қосымша келісімге

№ 3-қосымша

Техникалық ерекшелік

р/с №	Атауы	Техникалық ерекшеліктер	Бөліністегі жиынтықтаудың шекті бағасы және кепілдікті сервистік қызмет көрсетудің бағасы (теңге)	Бірлік үшін шектік баға (теңге)	Жеткізу мерзімі (күнтізбелік күндер)
-------	-------	-------------------------	---	---------------------------------	--------------------------------------

20__ жылғы "___" _____

№ _____ Медициналық техниканы жеткізу ұзақ мерзімді шартқа

20__ жылғы "___" _____

№ _____ Қосымша келісімге

№ 4-қосымша

Қабылдау-тапсыру актісі

1. Өнім беруші тарапы "_____ " 2. Тапсырыс беруші тарапы "_____ "

2. Сатып алушы тарапы "_____ "

Актіні жасау және медициналық техниканы қабылдау орны

Мына құрамдағы комиссия: (әр тараптан):

(лауазымы, жұмыс орны, тегі, аты, әкесінің аты)

Жөнелтушінің (өндірушінің) аты және мекенжайы

Медициналық техниканың атауы

Шот-фактураның күні және № _____ Көлік жүкқұжаттың күні және № _____

1. Өнім беруші "_____ "

2. Тапсырыс беруші "_____ "

3. Сатып алушы "_____ "

Сенім жүктелген тұлға (Т.А.Ә.) Орындаушының атынан (Т.А.Ә.)

мөрі (бар болса) мөрі (бар болса)

Сенім жүктелген тұлға

мөрі (бар болса)

20__ жылғы " __ " _____
№ _____ Қосымша келісімге
№ 5-қосымша

Монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары (қызметкерлерді оқыту) бойынша қызмет көрсету актісі

_____ 20__ жылғы " __ " _____

(қызмет көрсету орны)

Медициналық техниканы орнату күні _____

— Медициналық техниканы орнату орны _____

— МТ қосу-баптау күні _____

— МТ жай-күйі _____

— Сериялық нөмірі _____

Шыққан жылы _____

— Аталған жабдық құрастырылды, жөнделді, толығымен жинақталды
(керегінің астын сызыңыз).

Қызмет көрсететін медициналық қызметкерлер оқытылды

Комиссия мүшелері ақиқатқа сәйкес келмейтін мәліметтер берген үшін
актісіне қол қойған үшін жауапкершілік жөнінде ескертілді.

Комиссия мүшелері қойған қолдары:

1. _____ (Т.А.Ә., атқарып отырған лауазымы)
2. _____ (Т.А.Ә., атқарып отырған лауазымы)
3. _____ (Т.А.Ә., атқарып отырған лауазымы)
4. _____ (Т.А.Ә., атқарып отырған лауазымы)
5. _____ (Т.А.Ә., атқарып отырған лауазымы)

--	--	--	--	--

Р/с №	Медициналық техниканың атауы	Монтаждауды, іске қосу-баптау жұмыстарын жүзеге асыратын тұлғаның (тұлғалардың) Т.А.Ә.	Саны	Көрсетілген қызметтердің және жүргізілген жұмыстардың сипаттамасы
-------	------------------------------	--	------	---

Сатып алушы:

Өнім беруші:

Тапсырыс беруші:

20__ жылғы " __ " __

№ _____ Қосымша келісімге

6-қосымша

№ _____ сәйкессіздік туралы акт

Қабылдау-тапсыру күні _____

Тапсырыс берушінің атауы және мекенжайы _____

—

Өнім берушінің атауы _____

МТ атауы _____

Зауыт/сериялық нөмірі _____

МТ орналасқан жері _____

Жиынтықтылауы: _____

Жұмысқа жарамдылық және опциялар, режимдердің бар болуы және т.б.: _____

—

Айқындалған ақаулардың, ауытқулардың түгел сипатталуы және олардың сипаты

Ақаулардың, сан мен сапасының ауытқуларының себептері туралы комиссияның қорытындысы:

Өнім беруші:

(Т.А.Ә.) (қолы)

Тапсырыс беруші:

(Т.А.Ә.) (қолы)

Бірыңғай дистрибьютор:

(Т.А.Ә.) (қолы)

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы

Дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялаушы) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу нәтижелері туралы есеп

р/с №	Халықаралық патенттелмеген атауы немесе құрамы	Сауда атауы	Дәрілік заттардың сипаттамасы (дәрілік нысан, мөлшері, концентрациясы)	Өлшем бірлігі - 1 дана (ампула, таблетка, капсула, сауыт)	Өлшем бірлігінің саны	Жеңімпаз өнім берушінің атауы	Бірлік үшін жеңімпаз өнім берушінің бағасы	Жеңімпаз өнім берушінің бағасы бойынша сомасы
-------	--	-------------	--	---	-----------------------	-------------------------------	--	---

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2017 жылғы 18 қаңтардағы
№ 20 бұйрығына
22-қосымша
Нысан

Республикалық бюджет қаражатының есебінен, сондай-ақ бірыңғай дистрибьютордың тізімі бойынша алынған медициналық техниканы сатып алу және жеткізу мониторингі бойынша есеп

№	Өңір	Денсаулық сақтау ұйымдарының/басқармаларының өтінімдері								Жиынтығы:	
		Өнім берушінің атауы		Өнім берушінің атауы		Өнім берушінің атауы		Өнім берушінің атауы			
		Саны	Сомасы	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

№	Өңір	Олардың ішінде нақты жеткізілгені								Жиынтығы:	
		Өнім берушінің атауы		Өнім берушінің атауы		Өнім берушінің атауы		Өнім берушінің атауы			
		Саны	Сомасы	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24